

ISSN 2520-2634; eISSN 2520-2650

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия «Педагогические науки»

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Educational Sciences

№4 (65)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020



ХАБАРШЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» СЕРИЯСЫ
№4 (65) желтоқсан



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №16507-Ж.

*Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мухатаева Д.И., аға оқытушы (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мыңбаева А.Қ., п.ғ.д., профессор, ғылыми редактор (Қазақстан)

Булатбаева А.А., п.ғ.д., профессор м.а., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айтбаева А.Б., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таубаева Ш.Т., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алғожаева Н.С., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Ахметова Г.К., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исаева З.А., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Ақшалаова Б.Н., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Махамбетова Ж.Т., оқытушы (Қазақстан)

Трапицын С.Ю., п.ғ.д., профессор (Ресей)

Тайсум Элисон (Taysum Alison), PhD, филос.ғ.д. (Ұлыбритания)

Христозова Г., п.ғ.д., профессор (Болгария)

Римантас Жельвис (Rimantas Zelvy), хабил. д., профессор (Литва)

Хусейн Хусни Бахар (Huseyin Husnu Bahar), PhD, профессор (Түркия)

Пепа Митева (Pepa Miteva), PhD, асс. профессор (Болгария)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Ертарғынқызы Д., аға оқытушы (Қазақстан)

Педагогикалық ғылымдар сериясы – білім беру әдіснамасы мен тарихы, психологиялық-педагогикалық зерттеулер, кәсіби білім беру, салыстырмалы педагогика, білім беру менеджменті, инклюзивті білім беру, жоғары оқу орындарын инновациялық дамыту, тәрбие теориясы мен әдістемесі, пәндерді оқыту әдістемесі бағыттарын қамтиды.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



РОССИЙСКИЙ ИНДЕКС
НАУЧНОГО ЦИТИРОВАНИЯ
Science Index



Жоба менеджері

Гульмира Шаққозова

Телефон: +7 747 125 6790

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева

Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 14121

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 11,8 б.т. Тапсырыс №16175.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

2016 жылға дейін ISSN 1563-0293

1-бөлім
**МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Section 1
**PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL
PROBLEMS OF PROFESSIONAL
EDUCATION**

Раздел 1
**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ**

Б.А. Әрінова* , Қ.Ш. Молдасан , Н.А. Аринова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: baxit-a@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ-ҚҰРЫЛЫМЫ

Мақалада жаңартылған білім беру жағдайындағы оқыту үдерісінде «Өзін-өзі тану» пәнін жалпы орта білім беретін мектептердегі оқыту ерекшеліктері қарастырылады. Пәннің оқулықтарына әдістемелік тұрғыда жан-жақты талдау жасалып, авторлар соның ішінде б-сыныптың оқулығына сипаттама береді. Сол сияқты «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтарын дайындауға негіз болатын нормативтік-құқықтық құжаттар көрсетіледі. Авторлар мектептегі оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерді талдауда пәннің дамуы мен қалыптасуындағы кезеңдерге сүйенеді, сөйтіп жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы оқулықтарға әдістемелік талдау жасауға ұмтылады. Мұғалімнің өзін-өзі тануды оқытудағы ұстанымына ерекше назар аударылады – сыныптағы мұғалім мен оқушы арасындағы ашық диалог. Әр оқушының ішкі және тұлғалық «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруда мұғалімнің орны айрықша. Балалармен бірге ойлану, бірге қуану, бірге қамығу, бірге жаңа нәрсені үйрену, бірге таңданып, бірге қобалжу пәнді оқытуда жағымды атмосфера орнатып қана қоймайды, ол сонымен қатар оқушылардың өмірдің ақиқатын түсінулеріне де көмектеседі.

Мақалада екі кесте беріледі. Оқулықтағы кейбір тапсырмаларды мысалға ала отырып, авторлар пәнді оқытудың жаңа әдістеріне әдістемелік талдау жасайды. Зерттеу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің (№ AP08856223 грантына) сәйкес қаржыландырылады.

Түйін сөздер: жаңартылған білім беру мазмұны, өзін-өзі тану, рухани адамгершілік білім, оқулық, оқушы дәптері, әдістемелік құрал, білім мазмұны.

B.A. Arinova*, K.Sh. Moldasan, N.A. Arinova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: baxit-a@mail.ru

Content Structure of the Subject «Self-Cognition» in the Conditions of the Renewed Content of Education

It is examined the content structure of the subject “Self-cognition” in the context of the updated content of education in general education schools in the article. The analysis of textbooks and educational-methodical complexes of the subject is carried out, the authors give a methodological description of the 6th grade textbook.

The article also reflects the regulatory documents that served as the basis for the preparation of textbooks in the discipline. When analyzing textbooks and educational-methodological complexes, the authors rely on the stages in the development and formation of the subject and, thus, strive for a methodological analysis of textbooks in the context of the updated content of education, showing the continuity of the development of the content of the subject, and clearly indicating the novelty of the approach.

The article provides tables for analyzing the content of textbooks at the primary, basic, senior level of the school. Separate attention is paid to the position of the teacher in teaching self-cognition - an open dialogue between teacher and a pupil in the classroom.

The role of the teacher in the formation of the inner and personal concept of “I” of each pupil is special. Thinking with children, rejoicing together, grieving together, learning something new together, being surprised and worried together, which not only creates a positive atmosphere in the classroom, but also helps pupils understand the realities of life.

As examples, the authors use some tasks from the textbook and analyze the methodological aspects of new methods of teaching the subject. The research is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP08856223).

Key words: updated content of education, self-knowledge, spiritual and moral education, textbook, student’s notebook, methodological guide, content of education.

Б.А. Аринова*, Қ.Ш. Молдасан, Н.А. Аринова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: baxit-a@mail.ru

Содержательная структура предмета «Самопознание» в условиях обновленного содержания образования

В статье рассматривается содержательная структура предмета «Самопознание» в условиях обновленного содержания образования в общеобразовательных школах. Авторами проведен анализ учебников и учебно-методических комплексов предмета, в том числе дана методическая характеристика учебнику 6 класса. Наряду с этим в статье отражены нормативно-правовые документы, послужившие основой для подготовки учебников по дисциплине. Авторы при анализе учебников и учебно-методических комплексов опираются на этапы в развитии и становлении предмета и, таким образом, стремятся к методическому анализу учебников в условиях обновленного содержания образования, показывая преемственность развития содержания предмета, и четко обозначая новизну подхода. В статье приведены таблицы для анализа содержания учебников в начальном, среднем и старшем уровнях школы. Отдельное внимание уделяется позиции учителя в преподавании самопознания – открытому диалогу учителя и ученика на уроках. Роль учителя в формировании внутренней и личностной концепции «Я» каждого ученика особенная. Мыслить вместе с детьми, вместе радоваться, вместе горевать, вместе узнавать что-то новое, вместе удивляться и волноваться, что не только создает позитивную атмосферу на уроках, но и помогает учащимся понять реалии жизни.

В качестве примеров авторы используют некоторые задания из учебника и анализируют методические стороны новых методов преподавания предмета. Исследование финансируется Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP08856223).

Ключевые слова: обновленное содержание образования, самопознание, духовно-нравственное образование, учебник, тетрадь ученика, методическое пособие, содержание образования.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесіндегі заманауи талаптар мектептегі оқыту үдерісінің жаңартылған білім мазмұнына көшуімен сипатталады. Білім беру, оқыту, тәрбиелеу үдерістері бүгінгі қоғамға қажетті адам капиталын дамытуды көздейтіндіктен рухани-адамгершілік білім беру әлеуметтік өмірдің басты қағидасына айналды. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа жолдауында: «Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын» деген сөзі өскелең ұрпақтың ақыл-ой өрісінің, интеллектуалдық қабілеттерінің тереңдігімен қатар олардың бойында адамгершілік қасиеттердің мол болуы керектігін дәйектейді (Тоқаев Қ.К. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа жолдауы. Нұрсұлтан, 2020) [1].

XXI ғасырдың цифрлық ұрпағына рухани адамгершілік негіздегі білім беру адамзат баласының өмірлік құндылықтары, ұлттық құндылықтар және абсолютті жалпыадамзаттық құндылықтардың өзара сабақтастығын сақтай

отырып, оқушылардың ішкі жан әлемін нұрландыруға, айналасына, қоршаған ортаға, өзіне деген эмоционалды қарым-қатынасын қалыптастыруға қызмет етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр баланың азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіруді көздейді.

Қазіргі жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын арнайы пән ретінде «Өзін-өзі тану» пәнін атап айта аламыз. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде бұл пәнді оқыту 2010-2011 оқу жылында ҚР БЖҒМ-нің 09.04.2010 ж. № 160 бұйрығымен бекітілген. Базистік оқу жоспарында «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту «Адам және қоғам» білім саласындағы міндетті пән ретінде жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде жүзеге асырылады. Пәнді оқытуда «Өзін-өзі тану» пәнінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты (ҚР БЖҒМ-нің 24.09.2002 ж. № 693 бұйрығымен бекітілген) басшылыққа алынады. Аталған стандарттың негізгі қызметі мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік білім беруді ұйымдастырудың нормативтік талаптарын анықтау болып табылады.

«Өзін-өзі тану» оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері ҚР білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; «Балалардың құқықтары туралы» Конвенция; Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ережелеріне сәйкес «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім және сауықтыру орталығы құрамындағы Адамның үйлесімді даму институтында дайындалады.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінің барлық деңгейлерінің оқу жоспарларына «Өзін-өзі тану» пәнінің міндетті оқу пәні ретінде жаппай ендірілуі ендігі кезекте сол пәнді оқытатын мұғалімдерді дайындау қажеттігін алға шығарды. «Бөбек» ҰҒПББСО ұсынысы бойынша жоғары оқу орындарының бакалавриат, магистратура және докторантура (PhD) мамандықтарының классификаторына 2009 жылы «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» жаңа мамандығы енгізілді. Аталған мамандық бойынша еліміздің ұлттық университеттерінде 2010 жылы студенттер қабылданып, әр өңірде кәсіби мамандарды дайындау ісі жолға қойылды. Сол уақыттан бастап қазақстандық қоғамда өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беруді нығайту үшін көп мүмкіндіктер жасалуда. Мұны еліміздің мектептерінде 2016-2017 оқу жылынан бастап пәндерді жаңартылған білім мазмұнының оқу бағдарламаларына сәйкес оқытудың ендірілуінен көреміз. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 29 қыркүйек, 2018 № 522 бұйрығына сәйкес жаңартылған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы оқушылардың рухани-адамгершілік және интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамытуды қамтамасыз ететін оқу бағдарламасы деп танылады.

Зерттеу әдістері

Жаңартылған білім беру мазмұнында оқыту әдістемелерінің жаңаруы, пәндер бойынша білім беру мазмұнын құрылымдау ұстанымдарының өзгеруі, оқыту үдерісінде оқушының шығармашылығына, табыстылығына бағытталған инновациялық білім беру технологияларының енгізілуі білім алушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделін қалыптастыруда. Аталған жаңа жүйенің өзіндік бір ерекшелігі оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін әр оқушының жеке даму траекториясын анықтауға мүмкіндік беруінде.

Жаңартылған білім беру пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруға негізделіп, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға бағытталады.

«Рухани-адамгершілік білім беру – бұл білім мазмұнына оқушылардың жоғары рухани болмысын ашуға және толық адам болып қалыптасуына ықпал ететін жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы оларды белсенді оқу-танымдық әрекетке ынталандыруды және оны ұйымдастыруды, сол сияқты ойы, сөзі және ісі бір жерден шығатын кемел мінезді адам тәрбиелеуді мақсат ететін педагогикалық үдеріс» деп айтылғандай пәннің стандартында ізгілікті тұлға тәрбиесі жан-жақты ашып көрсетіледі (Р.А. Мұқажанова, Г.А. Омарова, Р. Мұратханова, 2015 [2]).

«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың жаңартылған білім мазмұнында ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық және қиянат жасамау құндылықтарының ізгілікті сипаты айқындалып, жалпы орта білім беру жүйесінде пәнді оқытудың метапәндік әдістемелік жүйесін Р.А. Мұқажанова, Г.А. Омарова, Р. Мұратханова, Р.О.Ізғұттынова, Ж.Ж. Әкімбаева, И. Калачева және т.б. негіздеп отыр. Оқытудағы мұндай бетбұрыс ең алдымен қазіргі жаһандану жағдайындағы әлемдік өзгерістер, жаңартулар және адамзат баласының дамуындағы рухани дағдарыстарға байланысты екендігі сөзсіз. Қай пәннің болмасын оқулығы мен ОӘК білімдік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады, сөйтіп оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамытуға негіз болады. Сол себепті еліміздің жалпы орта білім беретін мектептерінде міндетті пән ретінде оқытылатын «Өзін-өзі тану» пәнінің тұлға қалыптастырушылық әлеуеті орасан зор деп айта аламыз.

Мектепке арналған оқу құралдары баланың жалпытанымдық көзқарасын кеңейтіп, әлемді, қоршаған ортаны тануға жетелейді. «Оқу әдебиеттерінің ішінде мектеп оқулықтары ерекше орын алады. Оқулықтар құрылымы және мазмұны бойынша пәннің оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді. Оқулық негізгі компонент ретіндегі мәтіндермен қатар мәтіннен тыс, қосымша компоненттерден де тұрады. Оқулықтар ғылым негіздерін мазмұндаумен қатар оқушылардың оқу материалдарын меңгерту үшін олардың өзіндік жұмыстарын да ұйымдастырады. Оқулық ғылым логикасын, оқу бағдарламасы логикасын және тұлға дамуы логикасын бірлікте қарастырады. Оның негізгі қағидалары, қорытындылары анық және нақты

болуы керек. Сонымен қатар оқушылардың танымдық қызығушылығын тудыратын проблемалық мазмұндау да болуы қажет» (Зотова Т.Н., 2013) [3].

Оқулықта нақты бір оқу пәнінің мазмұны дидактиканың талаптарға сай ғылыми негізде баяндалып, әдістемелік тұрғыда құрылымдалады. Оқулықтанушы ғалым А.К. Құсайынов: «Оқулық оқу материалына онымен жұмыс істеу әдістемесін қоса ұсынады, яғни мұғалімге – оқу материалын қалай оқытып, меңгерудің оқушыға – ол материалды оқып, меңгерудің тәсілін береді. Басқаша айтқанда, оқулықта білім беру мақсаттары мазмұн мен әдістер түрінде нақтыланады» деп тұжырымдайды (Құсайынов А.К., Асыллов Ұ., 2000) [4].

«Өзін-өзі тану» пәнінің оқулығы рухани-адамгершілік білім мазмұнының меңгерілуін және жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін оқу құралы ретінде мынадай қызметтерді атқарады:

1. *Үйлестірушілік қызметі*: әр сыныпқа арналған оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнын құрайтын пән стандартындағы ізгілікті мақсаттардың орындалуын реттейді. Оқулықтың үйлестірушілік қызметі сонымен қатар оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыруды және оқушылардың меңгерген рухани-адамгершілік құндылықтарын өмірлік жағдаяттарда орынды қолдана алу құзіреттіліктерін қалыптастыруды да қарастырады.

2. *Жүйелеушілік қызметі*: рухани адамгершілік тұрғыдағы жалпыадамзаттық құндылықтарды құрайтын оқу материалдарының жүйелі баяндалуын қамтамасыз етеді.

«Өзін-өзі тану» пәні оқулықтарында берілген рухани-адамгершілік білім негіздерін оқып үйрену мен өздігінен білім алуды жүзеге асыруда пән оқулықтары төмендегідей *дидактикалық міндеттерді* жүзеге асырады:

а) *ақпараттық* – әр сынып бойынша берілетін рухани-адамгершілік білім мазмұнының көлемін және оқушылардың берілген ақпараттарды меңгеруде атқаратын іс-әрекеттерін анықтайды;

ә) *жинақтау* – рухани-адамгершілік білім негіздерін құрайтын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды танымдық, тәрбиелік мәнділігіне орай жинақтап, оларды оқушылардың ұғым түсінігіне лайық дидактикалық сұрыптауды қарастырады. Бұл міндетте эвристикалық және зерттеушілік-құрастырушылық әрекеттер арқылы оқу белсенділігін арттыру көзделеді;

б) *бекіту және өзін-өзі бақылау* – оқушылардың жалпыадамзаттық және ұлттық құнды-

лықтар негізіндегі білім мазмұнын меңгеруге қажетті шығармашылық іс-әрекетінің мұғалім басшылығымен ұйымдастырылуы;

в) *өздігінен білім алуды ұйымдастыру* – нақты бір сынып шеңберінде берілген рухани адамгершілік білім негіздерін кеңейту мақсатында оқушылардың өзіндік ізденушілік қабілетін шыңдау әрекеті;

г) *кіріктірушілік (интеграциялау)* – оқыту үрдісіндегі салалас пәндердің негізгі ұстанымдары мен мазмұндық сипатын диалектикалық бірлікте қарастыра отырып, олардың мағыналас байланыстарын өзіндік таным қағидасымен ұштастыру;

д) *дамытушы-тәрбиелеуші міндеті* – білім мен тәрбие беру жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алынатын ізгілендіру идеяларының баланың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сай іріктелуі нәтижесінде жеке тұлғаның әлеуметтенуі (Әрінова, 2018) [5].

Аталған міндеттердің жүзеге асырылуы оқушының өзін-өзі тануына, айналасындағы адамдармен жарасымды қарым-қатынас жасай алуына септігін тигізеді. «Өзін-өзі тану» пәні оқулықтарының құрылымдық жүйесі рухани-адамгершілік білім мазмұнын құрайтын оқу мәтіндері, білімді меңгерту аппараты, сабаққа керекті көрнекі құралдар және бағдарлау аппаратынан тұрады. Сонымен қатар оқулық құрылымында білім мазмұнының тарауларға, бөлімдерге, тақырыптарға, сабақтарға бөлінуі де анықталады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін халқымыздың мәдени рухани мұралары, әдеби көркем туындыларында көрініс тапқан рухани-адамгершілік мәндегі оқу материалдары құрайды. Пәннің базалық білім мазмұнын құрылымдауда жалпыадамзаттық құндылықтар, тұлғаның сапалық қасиеттері адамзаттың әлеуметтік тәжірибесі, әлем мәдениеті, халықтар даналығы, құндылықтар туралы ұғымдар жүйесі және олардың адам өміріндегі мәні басшылыққа алынады.

Әдебиеттерге шолу

Жаңартылған білім мазмұны бойынша берілетін рухани-адамгершілік білім мазмұнын сұрыптауда аксиологиялық тұғырлар назарда болады, өйткені бұл пәннің өзіндік ерекшелігі – құндылықтар жүйесін меңгерте отырып, жас ұрпақты қайырымдылыққа, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңартылған оқу бағдарламасында ұлттық құндылықтарға басымдылық

беріліп, білім мазмұнының ұлттық компоненттері алға шығады. Қазіргі оқулықтарда ақпараттық, интеграциялық, мотивациялық, бақылаушылық түзетушілік және өздігінен білім алушылық функцияларға орын беріліп, оқулықтардың функционалдық қызметі ашыла түскен. А.К. Мынбаева, А.А. Карабутова «Исторические особенности развития содержания предмета «Самопознание» атты мақалада пәннің әдістемелік жүйесінің даму үрдісін төмендегідей жіктеп көрсетеді:

– жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде баланың рухани адамгершілік дамуын жетілдіруге бағытталуы;

– қазіргі жаңа кезеңде философиялық және психологиялық білімдерді жинақтай отырып, философиялық кіріктірілген мазмұнға өтуі;

– мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әдістемесінің жаңартылуы;

– оқу материалдарының іс-әрекеттік тұрғыда құрастырылып, оқушылардың жобалау әрекетін ұйымдастыруға негізделуі және т.б. [6] (Мынбаева А.К., Карабутова А.А., 2019: 12)

Өзін-өзі тану сабақтарындағы педагог пен оқушының арасындағы ашық диалог әңгімелесу әдісін өткізуде, шығармашылық тапсырмаларды орындауда, жоба қорғауда ұтымдылық танытса, пән бойынша өткізілетін дәстүрлі емес сабақтардың, атап айтқанда сабақ – диспут, сабақ – фантазия, сабақ – концерт, сабақ – саяхат, сабақ-ойын және т.б. түрлері мұғалімнің кәсіби шеберлігін танытып, пәннің әдістемелік қуатын арттыра түседі.

Өзін-өзі тану сабақтарында мұғалімнің рөлі маңызды рөл атқарады. Мұғалім баланың ішкі жан әлемін ашуға, оның бойындағы адамгершілік сапаларды дамытуға, өзбетінше әрекет ете алуға үйретуде ынтымақтастық таныта білуі тиіс. Пәннің әдістемелік мүмкіндіктері мұғалім мен оқушының бірлескен оқу әрекеттерінде көрініс табады. Сол себепті мұғалім тұлғаның шығармашылық әлеуетін, өзіндік қабілеттерін аша білуі керек. Өзін-өзі танудың ерекшелігі де осында. Мұғалім қызметінің құндылықтық бағдары оқушыларға адамзаттың рухани тәжірибесін меңгеруге, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке үйренуге, қоғамға қызмет етуге, өзінің азаматтық айқындамасын түсіне алуға бағыт береді. Әр оқушының ішкі және тұлғалық «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруда мұғалімнің орны айрықша. Балалармен бірге ойлану, бірге қуану, бірге қамығу, бірге жаңа нәрсені үйрену, бірге танданып, бірге қобалжу пәнді оқытуда жағымды атмосфера орнатып қана қоймайды, ол сонымен қатар оқушылардың

өмірдің ақиқатын түсінулеріне де көмектеседі. Сондықтан жаңартылған оқулықтардың мазмұны мен құрылымдық жүйесі педагогтің кәсіби сапаларымен бірге оқушылардың дүниетанымын дамытуға ықпал ететіндей деңгейде құрастырылып берілген.

Мұғалімнің бойында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, педагогикалық шеберлікке шыңдау олардың кәсіби мамандануынан, яғни университеттік білім алу кезеңінен басталады. Сол себепті жоғары оқу орындарында «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығында білім алушы студенттер «Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі» оқу курсының базалық пән ретінде оқи отырып, пәнді оқыту әдістемесінің теориялық және ғылыми әдістемелік негіздерін меңгереді. Болашақ мұғалім, кәсіби маман болу үшін студенттер: «Өзін-өзі тану» пәнінің білім беру бағдарламаларының құрылымын білу; пәнді оқыту барысында қалыптасатын құзыреттіліктерді анықтай алу; пәнді оқытудың жаңа бағыттарына сәйкес оқу пәнінің жаңа мазмұнын түсіндіре алу; сабақ өткізу әдіс-тәсілдерін және жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін жеткізе алу; өзін-өзі тану нәтижелерін, оқу жетістіктерін сапалық бағалау; топта жұмыс жасай білу, өз пікірін дәйектей алуға қабілетті болуы; өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалай алу сияқты когнитивтік, функционалдық дағдыларды қалыптастыруға машықтанады. Осындай жүйелі іс-әрекеттерді әдістемелік технологиялық сипатта қолдана білу үшін, әрине, сол пәннің оқулығы мен оқу әдістемелік құралдарын дұрыс пайдалана білуге үйрену қажет.

Нәтижелер

«Өзін-өзі тану» бойынша «Бөбек» ҰҒПББСО жаңартылған бағдарламаға сәйкес дайындалған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің құрамына «Оқулық», «Мұғалімге арналған әдістемелік құрал» және «Оқушы дәптері» кіреді. «Өзін-өзі тану» пәніне арналған оқулықтардың сағат саны жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес 1-сыныпта 33, ал 2-11 сыныптарға арналған оқулықтар 34 сабақтан, 4 тарау және 17 тақырыптан тұрады. Сабақ санынан тақырып санының аз болуының себебі, өзін-өзі тану пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес бір тақырып екі сабаққа арналып беріледі (Мұратханова Р., Ізғұттынова Р.О., Алиев Б.Ш., 2018) [7].

«Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтары жалпы орта білім берудің барлық деңгейлерінде төрт тараудан тұрады және әр тарау бойынша

берілетін рухани-адамгершілік білім мазмұны сынып жоғарылаған сайын күрделеніп отырады. Төмендегі 1-кестеде әр деңгей бойынша тарау-

лардың атаулары көрсетілген. Осы тараулар бойынша әр сыныптың оқулығының мазмұндық желісі құрастырылады.

1-кесте – Мектептің бастауыш, негізгі, жоғары деңгейлеріндегі «Өзін-өзі тану» оқулығының бөлімдерінің атауы

Білім беру деңгейлері	Оқулықтағы тараулардың атаулары			
	1-тарау	2-тарау	3-тарау	4-тарау
Бастауыш	«Ғасырлар даналығы»	«Ынтымақты отбасы»	«Адам болам десеніз...»	«Әсемдік әлемінде»
Негізгі орта	«Таным қуанышы»	«Адам болам десеніз...»	«Адам және әлем»	«Адамзаттың рухани тәжірибесі»
Жоғары орта	«Таным жолында»	«Тұлғаның қалыптасуы»	«Қоғамдағы өмір»	«Адамзат әлемі»

Пәннің оқулықтары дидактикалық талаптарға сай белгіленген әдістемелік жүйені басшылыққа алады. «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтарын әдістемелік талдау үшін біз жаңартылған білім беру мазмұнындағы 6-сынып оқулығына тоқталамыз [8] (Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бақаш Е., 2018).

Бұл оқулық басқа сыныптардағы сияқты бірізділікпен пәннің барлық оқулықтарына қойылатын дидактикалық талаптарға сай дайындалған. Оқулық «Табиғат – баға жетпес

сый» жобасын орындау туралы нұсқаудан басталады. Жобамен жұмыс жасау осы сыныптың оқулығында ғана толық көрсетілген, қалған сыныптардың оқулықтарында тапсырма түрінде ғана беріледі. Оқулық құрамындағы төрт тарауға сәйкес жобалық жұмысты орындаудың төрт кезеңі көрсетіледі. Жоба жұмыстарын орындауға оқушы дәптерінде арнайы «Жоба күнделігі» парақшалары берілген. Оқушы дәптерін ozin-ozitanu.kz интернет-порталының «Оқушыларға» бөліміндегі электрондық кітапханадан табады.

2-кесте – Оқулық мазмұнындағы тараулар мен тақырыптар жүйесі

Тараулар саны	Тақырыптардың атаулары
I тарау. Таным қуанышы	Ақиқатты іздеу жолында. Адамның мүмкіндіктері. Өзіне сенім. Әсемдікке талпыныс.
II тарау. Адам болам десеніз...	Өзгелермен үндесу. Ақкөңілділік туралы. Ар-ұждан және абырой туралы. Адамдық борышың.
III тарау. Адам және әлем	Отбасының жылуы. Сыныптағы достық. Мен және қоршаған әлем. Қоғам игілігі үшін қызмет.
IV Адамзаттың рухани тәжірибесі	Дәуірлерді жалғастырушы желі. Жүрек қалауымен. Адамзаттың шынайы көшбасшылары. Адамзаттың рухани байлығы. Қандай әсем әлем!

Оқулықта сонымен қатар «Өзін-өзі тану» пәні бойынша түсіндірме сөздік және «Есімдер көрсеткіші» беріледі. Рухани-адамгершілік мазмұнды құрайтын оқу мәтіндері осы сыныптағы баланың жас ерекшелігіне, қызығушылықтарына орай таңдалып, құрастырылған. Тапсырмалар жүйесі құндылықтардың мәнін ашуға бағытталып, оқушылардың шығармашылық әрекеттерін дамытуды нысана тұтқан. Оқулық құрылымындағы мынадай

бірнеше тапсырманы мысал ретінде көрсетуге болады:

Бірінші тараудың «Әсемдікке талпыныс» тақырыбындағы 7-8 сабақтарындағы 6-тапсырма: Берілген сөзтізбекті дұрыс шешендер, әл-Фарабидің қанатты сөзін оқуға болады. Тапсырманы дәптерде орындандар. (67-бет)
 1-сөз: «Жақсы» сөзінің антонимі.
 2-сөз: Адам даралығының белгісі (қос сөз).
 3-сөз: Сын есім.

4-сөз: «Ауру» сөзімен мағыналас сөз

Ж	м	н	м	н	з	–	к	л	к	–
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

р	х	н	к	с	л
---	---	---	---	---	---

Тапсырманы орындау пәнаралық интеграцияны да жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мұны жаңартылған оқулықтардың бір талабынан туындаған тапсырма деп айта аламыз.

«Адам болам десеңіз»... атты II тараудың 11-12 сабақтарындағы «Ақкөңілділік туралы» (90 бет) тақырыбындағы 2-тапсырма: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тұмайтыны сияқты, қайырылымдылық пен жаман қылықтылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды» деген әл-Фараби бабамыздың ұлағатты сөзін «көзқарас – себеп – мысал – қорытындылау» әдісімен талқыландар.

Мұндай тапсырма баланың өз ойын мысалдармен дәлелдеп, ашық айта алу және нақты шешім немесе қорытынды жасай алу құзыреттіктерін дамытуға көмектеседі. Оқулықта осындай тапсырмалар көп беріледі, алайда оларды оқу стратегияларына байланысты түрлендіріп отыру қажет, сонда оқушының логикалық ойлауы, шығармашылық қабілеттері ашыла түседі.

Талқылау

«Өзін-өзі тану» пәнінің әдістемелік жүйесін құрайтын оқытудың әдістері: *жағымды көңіл күй; дәйексөз; әңгімелеу; (мұғалім сыйы) шығармашылық іс-әрекет, топпен жұмыс; музыка және топпен ән айту* деп аталып бұл әдістермен жұмыс жасау мұғалімдерге арналған әдістемелік құралда нақты баяндалады. Оқулықта берілген оқу материалдарын меңгерту әлбетте пән мұғалімінің шеберлігіне байланысты. Ал өзін-өзі тану сабақтарының өзгешелігі мұнда гуманды педагогиканың шарттары толығымен орындалуы тиіс. «Тыныштық сәтінен» бастап «ән айту немесе соңғы тыныштық сәтіне» дейінгі аралықта сыныпта жағымды көңіл-күй орын алуы керек. Сүйіспеншілікке құрылған оқыту ғана рухани-адамгершілік білім негіздерін меңгертуге жағдай туғызады.

Жаңартылған мазмұнда жазылған оқулықтардың өткен оқулықтардан айырмашылығы-мазмұндық құрылымнан жобалық іс-әрекеттердің орын алуы. Оқушылардың креативті ойлауын, белсенді іс-әрекетін, фантазиясын, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін жобалық әрекеттер барлық сыныптардың

оқулықтарында белгілі деңгейде кездескенімен, 6-сыныптың оқулығында ғана жобалық іс-әрекеттерге арналған жеке айдар берілген. Мұны біз жоғарыда талдап көрсеткен болатынбыз.

Оқулықтың әр тарауының соңында оқу жетістіктерін бағалауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Мысал ретінде екінші тараудың соңындағы мына тест тапсырмасын көрсетуге болады:

Тест тапсырмасы:

«Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» деген ой-тұжырымға көзқарасың қандай?

А) Өмірге келген соң адам тек өзінің ғана қамын ойлап, өзі үшін еңбектеніп, өзі ғана рахатын татуы тиіс.

Ә) Әрбір адам өзінің білімі мен қабілетін халқының игілігіне адал жұмсауы тиіс.

Б) Халыққа қызмет ету – бұл мемлекеттің борышы (119-бет).

Тест түріндегі мұндай тапсырмалар оқушыларды дұрыс ойлауға және өз ойына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда оқушылардың оқу жетістіктері сапамен бағаланады. Бұл құзыреттіліктердің базалық деңгейімен сәйкес келеді, яғни біз баланың қаншалықты білімді, ақылды, тәрбиелі, қайырымды екендігін өлшей алмаймыз, өйткені тұлға үнемі даму үстінде болады. Бұл да өзін-өзі танудың өзіндік бір ерекшелігін көрсетеді.

Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық білім маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қабылдаудың өлшемі болып табылады. Егер дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады (Мұратханова Р., Кунапина К., Ережеп М.Н., 2018) [9].

Қорытынды, тұжырымдар

«Өзін-өзі тану» пәнінің жаңартылған білім мазмұнын жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру пәнді оқытудың жаңа кезеңіне қадам жасап отыр. Пәннің мазмұндық-құрылымының рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруға негізделуі тұлғаның адамгершілік сапаларын, құндылықты бағдарларын, өмірдегі мақсаттары мен қоғамға қызмет ету әрекетін дамытуды көздейді.

Жаңартылған білім мазмұнына құрылған пәннің оқулықтары оқушылардың пәндік

құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етіп, функционалды сауаттылықты дамытады. Сонымен қатар оқулықтағы білім мазмұны оқушылардың қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік дағдыларды қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Әдебиеттер

- 1 Тоқаев Қ.К. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа жолдауы. – Нұрсұлтан, 2020
- 2 Мұқажанова Р.А., Омарова Г.А., Мұратханова Р. Мұғалімге арналған нұсқаулық /Руководство для учителя. – Алматы: Бөбек»ҰҒПББСО, 2015. – 144 бет. (қазақша орысша)
- 3 Зотова Т.Н. Дидактические условия преемственности образовательного процесса в ДОУ и начальной школе: Дисс. канд. пед. наук: 13.00.01. – М., 2013.
- 4 Құсайынов А.Қ., Асыллов Ұ. Оқулықтану. – Алматы: Рауан, 2000. –140-б.
- 5 Әрінова Б.А.«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы:«Қазақ университеті», 2018. – 172 б.
- 6 Мынбаева А.К., Карабутова А.А. Исторические особенности развития содержания предмета «Самопознание» // Хабаршы-Вестник КазНУ «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – №3(60). 2019 – С. 12-26.
- 7 Өзін-өзі тану: Мұғалімге арналған әдістемелік құрал: 8-сынып / Мұратханова Р., Изғұттынова Р.О., Алиев Б.Ш. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018. – 128 б.
- 8 Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық / Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бақаш Е. – Алматы, 2018. – 248 б.
- 9 Өзін-өзі тану: Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал: 12-сынып/ Мұратханова Р., Кунапина К., Ережеп М.Н. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018. – 144 б.

References

- Arinova B.A. (2018) «Özin-özi tanu» pänin oqıtu ädistemesi [Methods of teaching the subject “Self-cognition”] Almaty, “Kazakh University”, 172 p. (In Kazakh)
- Kusainov AK, Asylov U. (2000) Oqulıqtanu [Textbook]. Almaty: Rauan, 140 p. (In Kazakh)
- Mukazhanova R.A, Omarova G.A, Murathanova R. (2015) Muğalimge arnalğan nusqaulıq. Rukovodstvo dlya uchitelya, qazaqşa orıssa [Teacher’s Guide. Teacher’s Guide. kazakh russian] «Böbek» Almaty. «Bobek», 144 p. (In Kazakh)
- Mynbaeva A.K., Karabutova A.A. (2019) Historical features of the development of the content of the subject “Self-cognition”. Bulletin KaZNU Journal of Educational Sciences. Almaty, № 3. pp. 12-26. (In Russian)
- Özin-özi tanu: Jalpı bilim беретін мектептің 6-сınıбına арналған оқулық (2018) [Self- cognition: a textbook for the 6th grade of secondary school. Nurkeeva S., Aliyev B.Sh., Bakash E.] Almaty, 248 p. (In Kazakh)
- Özin-özi tanu: Muğalimderge arnalğan ädistemelik qural: 12-сınıп (2018) [Self- cognition: Methodical manual for teachers: 12th grade. Murathanova R., Kunapina K., Erezhep M.N] Almaty. “Bobek”, 144 p.
- Özin-özi tanu: Muğalimge arnalğan ädistemelik qural: 8-сınıп (2018) [Self-cognition Methodical handbook for teachers: 8th grade. Muratkhanova R., Izguttynova R.O, Aliev B.Sh. Almaty: “Bobek”] 128 p. (In Kazakh)
- Tokayev K.K. (2020) «Jaña jağdaydağı Qazaqstan: is-qimil kezeñi» attı xalıqqa joldawı. [Address to the people “Kazakhstan in New conditions: a stage of action»]. Nur Sultan (In Kazakh)
- Zotova T.N., (2013) Didakticheskiye usloviya preyemstvennosti obrazovatel’nogo protsesssa v DOU i nachal’noy shkole. Diss. kand.ped.nauk:13.00.01. [Didactic conditions for the continuity of the educational process in preschool and primary school. Dissertation for Candidate of Sciences in Pedagogy: 13.00.01] M. (In Russian)

FTAMP 14.35.01

<https://doi.org/10.26577/JES.2020.v65.i4.02>**Н.А. Белесова, Г.А. Наби***

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
*e-mail: gulzi_nabi@list.ru, Linni@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ: СТУДЕНТТЕРДІҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗІНДЕ ӘЗІЛКЕШТІККЕ ИКЕМДІЛІГІ

Юмор әр адамның өмірінде маңызды орын алады. Солардың бірі оның копинг-стратегияларға жағымды әсерін қалыптастыру болып табылады. Мақалада адамның әртүрлі жағдайларға деген реакция ретіндегі юмордың барысында туындайтын позитивтік көңіл-күйі, жағымсыз жағдаяттармен күрес барысындағы орны және интеллектімен өзара байланысы қарастырылған.

Юмордың ирония, пародия, сатира, анекдот, каламбур және т.б түрлері қарастырылған. Юморды сезінудің екі түрі бар: когнитивті және эмоционалды. Егер, когнитивті аспект адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге бағытталса, ал эмоционалды аспект тұлғааралық кеңістіктегі жағымды көңіл-күйдің пайда болуына және оның сақталуына ықпал етеді.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде юмордың әлеуметтік және эмоционалды интеллектінің ажырамас бөлігі ретіндегі ерекшеліктері мен маңызы талданған.

Соныменқатарзерттеу барысында 17-22 жасаралығындағы 119 студент қатысқан эмпирикалық зерттеу жүргізілген. Диагностикада Р. Мартин және Г. Лефкурттың «Юморлық қабілетке ие болу шкаласы» (CHS The Coping Humor Scale) әдістемесі қолданылған.

Зерттеу нәтижесінде студенттердің юморды сезіне алуының ТЖ деңгейі анықталып талданған.

Түйін сөздер: әлеуметтік интеллект, эмоционалды интеллект, юмористік қабілеттер, күйзеліс, копинг.

N. Belessova, G. Nabi*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan
*e-mail: gulzi_nabi@list.ru, Linni@mail.ru

Social and Emotional Intelligence: Students' Propensity for a Sense of Humor in Emergency Situations

This article examines the positive state of a person that arises under the influence of various situations as well as the place of humor in the fight against negative situations and its relationship with intelligence. Humor has a special place in everyone's life. The formation of coping strategies is its positive impact. Different types of humor are considered – irony, parody, satire, anecdote, pun, etc.

There are two aspects of humor: cognitive and emotional. If the cognitive aspect is aimed at regulating relations between people, the emotional aspect contributes to the emergence and preservation of a positive mood in the interpersonal space. Based on the works of foreign and domestic scientists, the features and significance of humor as an integral part of social and emotional intelligence have been analyzed.

The study also included an empirical study involving 119 students aged 17 to 22. The methods of R. Martin and G. Lefkurt "The Coping Humor Scale" was used in the diagnosis (CHS The Coping Humor Scale).

As a result of the study, the level of students' sense of humor in emergency situations was determined and analyzed.

Key words: social intelligence, emotional intelligence, humorous abilities, stress, coping.

Н.А. Белесова, Г.А. Наби*

Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Сұлтан
*e-mail: gulzi_nabi@list.ru, Linni@mail.ru

Социальный и эмоциональный интеллект: склонность студентов к чувству юмора в чрезвычайных ситуациях

Юмор занимает особое место в жизни каждого человека. Одним из основных преимуществ является его положительное влияние на формирование копинг-стратегий. В статье рассмотрено роль юмора в борьбе с негативными ситуациями, его взаимосвязь с интеллектом, позитивное

состояние человека, возникающее как реакция на различные ситуации. Рассмотрены разные виды юмора – ирония, пародия, сатира, анекдот, каламбур и др.

Существует два аспекта проявления чувства юмора: когнитивная и эмоциональная. Если когнитивный аспект направлен на регулирование отношений между людьми, то эмоциональный аспект способствует появлению и сохранению позитивного настроения в межличностном пространстве. На основе работ зарубежных и отечественных ученых проанализированы особенности и значение юмора как неотъемлемой части социального и эмоционального интеллектов.

Также было проведено эмпирическое исследование, в котором приняло участие 119 студентов – от 17 до 22 лет. В диагностике использованы методики Р. Мартина и Г. Лефкурта «Шкала совладания юмором» (CHS The Coping Humor Scale). В результате исследования был определен и проанализирован уровень чувства юмора студентов в условиях ЧС.

Ключевые слова: социальный интеллект, эмоциональный интеллект, юмористические способности, стресс, копинг.

Кіріспе

Әзілкештік тұлғаның өмірде болатын, қарым-қатынас барысында туындайтын жағдаяттардан күлкілі, қызықты қырларын айта білетін интеллектуалдық қабілеті. Ол шартты және шартсыз рефлекстермен тікелей байланысты.

Қазіргі таңда әр түрлі стрестік жағдайлар адамның өмірінде ерекше орын алады, себебі кез келген қалыптан тыс жағдай адамды жаңа шешімдер қабылдауға немесе барьерлерден жеңіліп, негативтік көңіл-күйдің тууына себепкер болады. Кей уақыттарда осындай негативтік күй ұзақ мерзімге созылып, адамның бойында үрей, мазасыздық, депрессивтік күй кешуіне ықпал жасайды. Осындай жағымсыз күйлермен күресу адамның бойында белгілі бір деңгейде «иммунитетті» қалыптастырып, қиындықтарға қарсы тұруға бейімделгіштік дағдысының пайда болуына әсер етеді.

Шетелдік тәжірибеде стрестік күймен күрес барысында «копинг» термині енгізілген болатын. Оның негізгі түсіндірмесі – адамның деадаптация мен стреске қарсы тұра білуімен байланысты белсенділігі. «Копинг» ұғымы ішкі және сыртқы қиындықтарға адамның қарым-қатынасын айқындайды [1-4] (Абдуллаева, 2009; Буенок, 2014; Гобунов, 2015; Сольнин, 2017).

Бірқатар ғылыми әдебиеттерде әзілкештік қабілет стреспен күресудің ең тиімді жолы болып қарастырылады. Жоғары деңгейдегі әзілкештік қабілетке ие адамдар стресті оңай жеңеді және оның тиімді стратегияларын біледі, сондай-ақ қорғаныстық механизмдерді қалыптастыруға икемді болып келеді.

Әзілдің бірнеше түрлері бар: *ирония, пародия, сатира, анекдот, әзіл, каламбур* және т.б. Әзілдеу барысында назар аударатын жайт, ол тұлғаның өзге адамдардың әзілдерін дұрыс қабылдай білу дағдысына ие болуы.

Әлемдік дағдылар комплексін даярлауда әлеуметтік және эмоционалдық интеллект дағдыларын игеру міндетті шартқа айналып отыр. Өзге адамның мінез ерекшеліктерін ескеріп, оның эмоциясының айрықша жағын түсіне отырып, қарым-қатынасты позитивті тұрғыда қалыптастыру және оның барьерлерін игеру кәсіби сапалардың негізгі сатысына шығып отыр. Осы контексте әзілкештік қабілеттің когнитивтік және эмоционалдық екі қырын қарастырып, оның қазіргі өзгермелі әлемде тұрмыстық және кәсіби іс-әрекеттерді атқарудағы ролін анықтау өзектілікке ие болуда.

Бүгінде, әлемдегі пандемия және соның салдарынан енгізілген төтенше жағдай адамдардың өмірінде үлкен өзгерістерге себепкер болды. Қашықтықтан білім алу, жұмыс орындарының және қызметкерлердің қысқаруы, денсаулыққа төніп тұрған қауіп-қатерлер тұлғаның бойында сенімсіздік, үрей және қобалжу сынды негативтік күйлердің пайда болуына әкелді. Осы тұрғыда жастардың болашаққа сенімі мен үмітінің жоғалмауында, оқу мен қызметтегі онлайн режимге бейімделуінде, оқшаулану (изоляция) кезеңін тиімді өткізуде позитивтік күй мен төзімділік маңызды рөл атқарады.

Зерттеу әдістері

Төтенше жағдай кезінде болып жатқан өзгерістерге студенттердің реакциясын, әзілкештік қабілеттер деңгейін анықтау мақсатында «Әзілкештік қабілетке ие болу шкаласы» (CHS The Coping Humor Scale) жүргізілген болатын. Тестті Р. Мартин және Г. Лефкурт дайындаған (Martin, Lefcourt, 1984) [5]. Қазақ тілінде әзілкештік қабілетті анықтау инструменттерінің болмауына байланысты, аталған тест сұрақтары қазақ тіліне аударылды. Сонымен қатар, респонденттердің зерттеуге

қажетті мағлұматтары (жасы, жынысы) қосалқы сұрақтар ретінде қосылды.

Әдебиеттерге шолу

Әзілкештік қабілеттер қазіргі таңда жоғары өзектілікке ие, себебі оны ұжымдағы адамдарды басқаруда және кикілжінді болдырмау үшін (Lopes, Brackett, Nezlek, Schutz, Sellin, Salovey, 2004) [6], стрестік күймен күресуде (Wijewardena, Härtel, Samaratunge, 2017; Abel, 2002) [7-8] және түрлі терапиялық мақсаттарда кеңінен қолданады. Әзілдесу мен позитивті көңіл-күй адамның физиологиялық және психикалық саулығына (Абдуллаева, 2009) [1], стрестің теріс салдарының төмендеуіне ықпал жасайды (Fredrickson, 2001) [9]. Бұл тұжырым Fredrickson еңбегінде анықталған.

Әзілкештік қабілеттің екі қыры бар, бірі – когнитивтік, екіншісі – эмоционалдық. Ситуацияны позитивті қабылдауда адамның психикалық күйі мен эмоциясы адекватты болуы, сондай-ақ өзге адаммен әзілдесу барысында, ойлау және дұрыс қабылдау әрекеттерінің болуы шарт.

Әлеуметтік және эмоционалдық интеллектіні зерттеу барысында, аталған әзілкештік қабілет адамның Мен-тұжырымдамасының қалыптасуына әсер ететіні анықталды. Зерттеу барысында адамдардың өзін-өзі бағалауы және Мен-тұжырымдамасының тұрақтылығы, когнитивтік қабілеттері, оптимизммен, экстраверсиямен өзара байланысы, ал дисфункционалды нұсқаулықтар мен нейротизммен кері байланысы анықталған (Martin, 1996) [10].

Белгілі америкалық фольклорист және әзілді зерттеуші Эллиотт Оринг әзілдің кең тараған жанры анекдоттың адам өміріндегі пайдасы мен әзілді орынды қолданудың өнер екендігін атап көрсеткен болатын (Oring, 2016) [11]. Яғни, адамның дүниетанымы мен ойлау ұшқырлығы оның әзілдерді жылдам әрі мазмұнды құрастыруына түрткі болатыны анықталды.

Сондай-ақ, студенттердің копинг-стратегиялары мен прокрастинация арақатынасы бойынша да зерттеу жүргізілген болатын. Оның нәтижесінде прокрастинацияның төменгі деңгейіне ие студенттерге «мәселені шешуді жоспарлау», «дұрыс бағалау әрекеттері» тән екендігі анықталды (Солынин, Лингурарь, 2017) [4].

Басшылардың әзілге икемділігін анықтау барысында кәсіби белсенділікті арттыруға әзілкештіктің, соның ішінде агрессивті әзілдер мен өзгені келеке ететін қалжыңдардың ролі зерделенген (Буенок, 2014) [2]. Менеджердің кәсіби

денсаулығына әзілдің агрессивті және өзімен байланысты қалжыңдары ерекше әсер ететіні байқалған.

Әзілкештік қабілет әлеуметтік және эмоционалдық интеллекттің құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның қоғамдағы кіші және үлкен топтарында, өзінің жеке кеңістігінде қарым-қатынастың дағдыларын игеруін, эмоцияның позитивті бағыттылығын қамтамасыз етеді. Эмоционалдық интеллект адамның өзінің және өзге адамның эмоцияларын түсінуі, оларды басқаруы және өзіндік мотивациясы. Адамның эмоциялары шындықты (реалии) қабылдауынан, белгілі бір жағдаяттардағы қабылданатын шешімдерінен көрініс береді. Жағдайлар адам өмірінде әр қырлы сипатқа ие, сондықтан оларға реакциялар да әр түрлі болады. Әзілкештік эмоционалдық-мазмұндық, мінез-құлықтық, рефлексивтік және реттеуші құрылымдық компоненттерінен тұрады. Әзіл – когнитивтік және аффективтік жанама арақатынасқа ие болатын интеллектуалдық сезім (Горбунов, 2015) [3].

Әзілкештік қабілетті жиі «интеллект» немесе «тапқырлық» ұғымдарымен қатар қолданады. Зерттеулердің бірқатарында әзілді интеллектуалдық қабілеті мен эмоционалдық күйіне байланысты әр адам әр түрлі қабылдайтыны анықталған. Әзілкештік қабілет адамның орынды әзілдеу қабілеті болғандықтан, бұл қабілетке ие адамның эмоционалдық интеллект деңгейі жоғары болуы қажет (Устинова, Качина, 2019) [12]. Себебі, ол ортаның эмоциялық күйіне де оң баға беріп, оған тиімді әсер ете білуі шарт.

1928 жылы Джордж Вашингтон университетінің ғалымы Dr. Thelma Hunt (Hunt, 1928) [13] әлеуметтік қабілеттердің деңгейін анықтау мақсатында тест ұсынған болатын. Тесттің негізгі мазмұны адамның мінез-құлықтарын бақылау, әлеуметтік жағдаяттарды шешу, мимикалармен байланысты жаттығуларды шешуден тұрады. Аталған тесттің екінші нұсқасы төмендегі элементтерден тұрады:

- адамның мінез-құлқын бақылау;
- сөйлеушінің психикалық күйін анықтау;
- есімдер мен түрлерді есте сақтау;
- әлеуметтік жағдаяттарды шешу;
- әзілкештік қабілет.

Соңғы нұсқасы әзілге икемділіктің адамдар арасындағы қатынасты жеңілдетіп, бірін-бірі жіті түсініп, позитивті күйге ие болуына, ал ол өз кезегінде еңбектің тиімді болуын қамтамасыз ететіндігін айқындап отыр.

Әзілкештікті жағымды қабілет ретінде қарастырған бірқатар ғалымдар оның екінші

теріс қыры бар екенін де жоққа шығармайды. Өзілкештік агрессияның көпқырлы түрі ретінде қарастырылады. Оған көптеген комедиялық фильмдер мен газет-журнал, интернет беттеріндегі анекдоттардың астарындағы қатаң сын мен ащы шындық дәлел болып отыр. Сонымен қатар, адамды мазақ етіп күлу де белгілі бір деңгейдегі агрессия мен шабуылды білдіретін үрдіс. Өзілкештік риторика мен қазіргі таңдағы дебаттарда ерекше орын алады. Сөз тапқырлық кез келген баяндаушының өткір құралы ретінде танылады, себебі ол оппоненттер мен сыншыларды әлсіретуге бағытталады (Рexman, Zvaigzne 2004).

Адамдар жалғыздықта әзілдерге әсер етіп, күлуі мүмкін. Алайда, әзілкештік әлеуметтік құбылыс және адамдар көбінде өзге адамдармен қарым-қатынас барысында жиі әзілдейді (Martin, Kuiper, 1999; Provine, 2004). Өзілкештік адамдар арасындағы әлеуметтік қатынасты реттей отырып, өзара тартымдылықты тудыратын құбылыс екені анықталған.

Ақпараттарды талдай келе, әлеуметтік және эмоционалдық интеллект және әзілкештік субъектінің мінезін анықтайтын интеллектуалдық

қабілет ретінде қарастырылуы мүмкін; екіншіден стресспен күресуде оның айрықша орны бар деген ой түйіндеуге болады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеуге педагогикалық мамандықта білім алып жүрген 119 студент қатысты, олардың 29% (19) ер бала болса, 100 қыз бала. 17-19 жас шамасында 84, 20-22 жастағы 35 респондент, оның 29% бітіруші түлектер (4-курс студенттері).

Аталған жұмыс елімізде төтенше жағдай мерзімінде жүргізілгендіктен, қашықтықтан білім алу барысында студенттердің өмірі мен оқуы арасындағы байланысқа баса назар аударылды. Тәжірибеге қатысқан студенттердің жеке тұлғалары экспериментаторларға бұрыннан тағы, кездейсоқ іріктеме жасалған жоқ.


- Khamitova, G.A. (2014). Poliyazychnoye obrazovaniye: sovremennoye sostoyaniyei perspektivy razvitiya. Kurs lektsiy. G. A. Khamitova. – nov. – Pavlodar: InEU, S. – 167. [Multilingual education: current state and development prospects. Course of lectures [Text] GA Khamitova. – new. – Pavlodar: InEU] 167 p.(in Russian)
- Kontseptsiya razvitiya obrazovaniya v Kyrgyzsko yRespublike do 2020 goda MON Kyrgyzskoy Respubliki, Bishkek. (2009). [Concept for the development of education in the Kyrgyz Republic until 2020 by the Ministry of Education and Science of the Kyrgyz Republic, Bishkek, 2009] (in Russian)
- Kul'turnaya Programma. (2007). «Triyedinstvo yazykov». Ukaz prezidenta RK ot 20 noyabrya 2007 goda. [Cultural Program «Trinity of languages». Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 20, 2007.] (In Russian)
- Litvinenko Ye. YU. (2000). Sovremennyy bilingvizm kak dominant mul'tikul'tural'noy modeli sotsializatsii: dis.d-rasotsiol. nauk: Rostov n/D, 2000. 250 c. [Modern bilingualism as the dominant of the multicultural model of socialization: dis. ... dr. sociol. Sciences: Rostov n / D, 2000.250 p. <http://www.dslib.net/socfilosofia/sovremennyj-bilingvizm-kak-dominanta-multikulturalnoj-modelisocializatsii.html>] (In Russian)
- Malone S. (2005) Education for Multilingualism and Multi-literacy in Ethnic Minority Communities: The situation in Asia. In First Language First: Community-based literacy programmes for minority language context in Asia. Bangkok: UNESCO, pp.71-86.
- Martin-Jones M., Martin D. M. (2017) Researching multilingualism: Critical and ethnographic perspectives. Oxford: Taylor & Francis.
- Mirovoy opyt poliyazychiya. [World experience of multilingualism. <https://platon.asia/obshchestvo/mirovoj-opyt-poliyazychiya>] (In Russian)
- Most common languages used on the internet as of January 2020, by share of internet users. <https://www.statista.com/statistics/262946/share-of-the-most-common-languages-on-the-internet/>.
- Nazarbayev N.A.(2007). Novyy Kazakhstan v novom mire. Kazakhstanskaya pravda. №33 (25278). 2007. 1 marta. [Nazarbayev N.A. New Kazakhstan in the new world. Kazakhstani truth. – No. 33 (25278). 2007 .March 1.] (In Russian)
- Poliyazychnaya lichnost'. Kakoy put' effektivneye. (2011). [Multilingual personality. Which way is more efficient. http://akmolinka.narod.ru/2011_n168_22_11/exclusive.htm] (in Russian)
- Poslaniye Prezidenta RK – Lidera Natsii N.A.Nazarbayeva narodu Kazakhstana. Strategiya «Kazakhstan – 2050». (2012). Novyy politicheskyy kurs sostoyavshchegosya gosudarstva. 14 dekabr' 2012 g. [Message of the President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. Strategy «Kazakhstan – 2050». The new political course of the established state. December 14, 2012. www.strategy2050.kz, 15.12.2012.] (in Russian)
- Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 2 iyulya 2018 goda №401 O Gosudarstvennoy programme razvitiya I funktsionirovaniya yazykov v Respublike Kazakhstan na 2011–2019 gody. [Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated July 2, 2018 No. 401 On the State Program for the Development and Functioning of Languages in the Republic of Kazakhstan for 2011–2019. <http://nomad.su/?a=3-201807180037>] (in Russian)

Prikaz Ministra obrazovaniya I nauki Respubliki Kazakhstan ot 3.04.2015 № 159 «O vneseni I izmeneniy v prikaz Ministra obrazovaniya I nauki Respubliki Kazakhstan ot 6.11.2014. № 455 «O pilotnom vnedrenii obnovlennogo sodержaniya obrazovaniya». [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated April 3, 2015 No. 159 «On amendments to the order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated November 6, 2014. № 455 «On the pilot implementation of the updated content of education.»] (in Russian)

Records of the General Conference, 30th session, Paris, 20 October to 17 November 1999 Volume 1 – P. 35.

Selivanova N. F. Obuchenije frantsuzskomu yazyku kak vtoromu inostrannomu v sredney shkole. [Teaching French as a second foreign language in secondary. <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-02/>] (In Russian)

The Training of Teachers of a foreign Language: Developments in Europe. (2002). Main Report.

Wang, G. (2015a). Ethnic multilingual education in China: A critical observation. Working Papers in Educational Linguistics, 30(2), pp. 35-47.

Work program of the Education Committee. (2003). Commission of the European Union. Official edition. Brussels.

Zakon Respubliki Kazakhstan ot 27 iyulya 2007 goda № 319-III «Ob obrazovanii» (s izmeneniyami I dopolneniyami posostoyaniyu na 11.01.2020 g.) [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III «About Education» (with amendments and additions as of January 11, 2020.)] (In Russian)

Zhetpisbayeva B. A. (2009). Teoretiko–metodologicheskiye osnovy poliyazychnogo obrazovaniya. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni doktora pedagogicheskikh nauk Respublika Kazakhstan Karagandy. [Theoretical and methodological foundations of multilingual education Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences Republic of Kazakhstan Karaganda.] (in Russian)

4-бөлім
**БІЛІМ БЕРУ
САПАСЫН БАҒАЛАУ**

Section 4
**ASSESSMENT
OF EDUCATION QUALITY**

Раздел 4
**ОЦЕНКА КАЧЕСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ**

Ғ.Т. Телебаев, С.М. Аралбай* 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.
*e-mail: saken_aralbai@mail.ru

РЕЙТИНГТЕР УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ РЕТІНДЕ

Мақалада авторлар әлемнің ең беделді университеттерінің білім берудегі сапасын анықтайды. Басты мақсат әлемдік университеттердің арасындағы бәсекелестіктің әртүрлі деңгейдегі өлшемдерін анықтай отырып, еліміздегі университеттердің сапасын мүмкіндігінше осы деңгейге жеткізу. Жоғары оқу орындарының стандарты бойынша кез келген университеттерге қойылып отырған төмендегідей талаптар ғылымның бүгінгі қоғамымызға қаншалықты маңызды және қажет екендігін көрсетеді. Сондықтан да еліміздің білім беру саласы бұл өлшемдерге мойынсұну арқылы ғылыми жетістіктерден әлемдегі өз орнын анықтайды.

Интернеттегі ақпарат көздері арқылы бірнеше рейтингтердің нәтижесін салыстыра отырып, Қазақстанның жоғары оқу орындарының білім берудегі сапасы мен деңгейі бағаланды. Нәтижесінде, Қазақстан жоғары оқу орындарының әлем университеттері арасындағы білім берудегі сапасы мен деңгейі анықталды, сонымен қатар әртүрлі өлшемдер бойынша әлемге танымал жоғары оқу орындары ретінде үздіктер қатарынан көріну үшін университеттердің професор-оқытушылар құрамына тынымсыз еңбек етуге тура келеді. Қазақстан бүгінгі таңда университеттердің білім берудегі даму дәрежесі және оның әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциялануы бойынша Ресейден кейінгі екінші орынға ие. Сондай-ақ, осы мәселенің түйінін шешуге авторлар тарапынан идеялар ұсынылады.

Түйін сөздер: рейтинг, білім беру, сапа, университет, оқытушы.

G.T. Telebayev, S.M. Aralbay*

L.N. Gumilyov Eurasian national University, Kazakstan, Nur-Sultan
*e-mail: saken_aralbai@mail.ru

Ratings as an Indicator of University Development

In this article the authors define the quality of education in the most prestigious universities in the world. The main goal is to bring the quality of universities in the country as far as possible to this level defining various criteria of competitiveness between world universities. The following requirements for any university by the standards of higher education institutions show how important and necessary science is for modern society. Therefore, the country's education sector determines its place in the world from scientific achievements, based on these criteria.

Comparing the results of several rankings through Internet sources, the quality and level of education of universities in Kazakhstan were assessed. As a result, the quality and level of education of higher educational institutions of Kazakhstan among the universities of the world were determined, and also one has to work for the professors and teaching staff of universities in order to be among the best according to various criteria of world famous universities. The authors emphasize that today Kazakhstan ranks second after Russia in terms of the level of development of universities in the field of education and its integration into the global educational space (according to the analysis of ratings). Ideas from the authors will also be proposed to solve the problem.

Key words: rating, education, quality, university, teacher.

Ғ.Т. Телебаев, С.М. Аралбай*

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Сұлтан
*e-mail: saken_aralbai@mail.ru

Рейтинги как индикатор развития университета

В статье авторы анализируют качество образования в самых престижных университетах мира согласно рейтингам. Главная цель – довести качество университетов в стране по возможности к этому уровню, определяя различные критерии конкурентоспособности между мировыми университетами. Следующие требования, предъявляемые к любым университетам по стандартам высших учебных заведений, показывают, насколько важна и необходима наука для

современного общества. Поэтому сфера образования страны определяет свое место в мире от научных достижений, опираясь на эти критерии.

Сравнивая результаты нескольких рейтингов (Шанхайского рейтинга, QS рейтинга, THE, U.S.News рейтинга) посредством интернет-источников, оценены качество и уровень образования вузов Казахстана. В статье собраны данные о рейтингах высших учебных заведений Казахстана среди университетов мира, а также трендах, на которых нужно фокусироваться профессорско-преподавательскому составу университетов для того, чтобы выступить в числе лучших по разным критериям всемирно известных вузов. Авторы подчеркивают, что сегодня Казахстан занимает второе место после России по уровню развития вузов в сфере образования и его интеграции в мировое образовательное пространство (согласно анализу рейтингов). Также предложены рекомендации авторов для решения проблемы повышения рейтингов.

Ключевые слова: рейтинг, образование, качество, университет, преподаватель.

Кіріспе

Ақпарат пен технология үстемдік еткен қоғамда бірінші орында ғылым тұратындығы түсінікті жағдай. Дегенмен, ғылым мемлекетке өз пайдасын тигізу үшін онымен жүйелі түрде айналысу қажет. Жүйелі айналысу барысында білім беру ошақтары, оның ішінде жоғары оқу орындары басты маңызға ие екендігін көруге болады. Осы мәселеге байланысты қазіргі таңда Қазақстан мемлекетінің жоғары оқу орындары әлемдік университеттермен салыстырғандағы деңгейі және білім беру жүйесіндегі әлемдік стандарттар бойынша қойылатын талаптардың өлшемдері қандай болмақ деген сауалдар орын алады. Осы сауалдарға жауап ретінде жиырмадан астам рейтингтердің ішінен ең маңызды деген төрт рейтинг (Еуропа агенттіктері – THE және QS, АҚШ – U.S.News және Азия – Шанхай рейтингі немесе ARWU) көрсеткіштеріне сүйене отырып, мемлекетіміздегі жоғары оқу орындарының әлемдік білім беру жүйесіндегі деңгейі анықталды.

Мемлекетіміздегі жоғары оқу орындарының әлемдік білім беру жүйесіндегі деңгейін анықтаудағы мақсат адамзатқа ортақ ғылым мен оның жемісі жаңа технологияларды игерудегі, тудырудағы өз шамамыз бен үлесімізді көру. Сол арқылы қазіргі жаһандану үдерісінен өз еншіңді иелену және оның иіріміне жұтылып кетпей, өз ұлттық болмысыңды сақтап қалу.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері

Қазіргі технология қоғамын ғылымсыз елестету мүмкін емес дүние екендігі барлық адамзатқа түсінікті мәселе. Ал ғылымның кеңістігін қалыптастыруда жоғары оқу орындарының алар орны, деңгейі мен сапасы қоғамымыздың басты өлшемі болып та-

былады. Осы мақсатта әлемдік жоғары оқу орындарының жетістіктеріне назар аударатырып, еліміздегі университеттердің деңгейін рейтинг көрсеткіштері арқылы анықтау. Басты міндет еліміздегі жоғары оқу орындарының рейтинг көрсеткіштеріндегі әлсіз тұстарын уақыт оздырмай жою және жаһандық үдерістің ғылым саласындағы көшінен кенжелеп қалмау.

Зерттеу жұмысындағы әдістер

Білім сапасын және оны жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының деңгейін тексеретін әлемге танымал агенттіктердің рейтингтік көрсеткіштерін пайдалана отырып, салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Алынған нәтижелерді синтездеу арқылы авторлар еліміздің жоғары оқу орындарының болашақтағы атқаруға тиіс қызметтеріне өз ойларын білдірді.

Әдебиеттерге шолу

Отандық зерттеушілер К.С. Абдиев, Т.Ж. Интымаков, Ш.Б. Алтыбаева өздерінің «Внешняя оценка учебных достижений в высшем образовании» атты мақалаларында еліміздегі білім сапасына тоқталса (Интымаков, Алтыбаева, Скабаева, Баимбетов, 2014) [1], Ж.К. Туймебаев, Т.О. Балыкбаев, С.М. Омирбаев, И.У. Сагиндиқов, Л.В. Нефедовалар «Национальная система оценки качества образования: принципы и перспективы развития» атты мақаласында ОЖСБ тестілері арқылы жоғары оқу орындарындағы білім сапасын анықтауға болатындығын қарастырды (Национальная система оценки качества образования, 2007) [2]. Р.С. Серіков, А.А. Хамзина, Г.К. Жабаева өздерінің мақалаларында ОЖСБ тестілерінің сапасын тереңірек зерттеп, объективті баға беруге өте тиімді әдіс екендігін айтты (Серіков, Хамзина, Жабаева, 2020) [3]. Бұл зерттеулердің барлығы еліміздегі білім беру

жүйесінің сапасын Болондық үдеріс негізінде салыстыра отырып, тест, білім сапасы туралы өз ойларымен бөліскен болатын. Ал бұл мақалада авторлар еліміздің жоғары оқу орындарының деңгейін білім берудің әлемдік кеңістігіндегі орнын анықтауда өз ойларымен бөлісіп отыр.

Нәтижелер мен талқылау

Университет деңгейінің қаншалықты екендігін анықтайтын маңызды көрсеткіштердің бірі, оның рейтингісі болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемде жиырмадан астам танымал жаһандық рейтингтер қатары орын алса, олардың ішіндегі мына төртеуі ең беделдісі болып саналады: Еуропа агенттіктері – THE (World University Rankings) [4] және QS (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities) [5], АҚШ – U.S. News (Best Universities in the World – US News) [6] және Азия – Шанхай рейтингі немесе ARWU (ARWU World University Rankings 2020) [7]. Университеттер ұстанымдарын осы төрт рейтинг бойынша салыстырудың нәтижесінде теңгерімді бағасын анықтай отырып, университеттердің даму деңгейіндегі біршама объективтік көрсеткіштеріне көз жеткізуге болады.

Сондай-ақ, бұл рейтингтер университет қызметтерінің әртүрлі аспектілеріне назар аудартады.

Мысалы, Шанхай рейтингісі жоғары дәйексөз индексі иеленуші ғалымдарға, сонымен қатар олардың Nature немесе Science журналдарына мақала шығару көрсеткішіне, одан да басқа Нобель және Филдс жүлделеріне иеленуші лауреаттар санына байланысты орын алады. Интернет желісіндегі олардың рейтинг мәліметтері мен әдістемесі төмендегідей бағаға ие болды.

«Academic Ranking of World Universities, ARWU, Шанхай рейтингісі ретінде біршама танымал болып, Shanghai Ranking Consultancy азиялық агенттігімен қалыптастырылды. Бұл рейтинг жоғары оқу орындарының ғылыми және академиялық қызметтеріне сай бағытталып, қорытынды баға нәтижесіне өзіне тән ерекше ұлттық білім беру жүйелерінің ықпалын төмендету мақсатында орын алды. Зерттеуге 1200-ден астам жоғары оқу орындары қатысып және олардың тек 500-і ғана әлемнің танымал университеттер тізімінің қатарына енді» (Шанхайский рейтинг вузов) [8].

«Report The U.S. News & World жаһандық рейтингі Thomson Reuters медиакомпаниясының метрикасы мен мәліметтеріне сүйене отырып,

әдетте Америка университеттерін сұрыптау үшін қолданылатын U.S. News-дің өлшемдерінен түбегейлі методологиялық ерекшелікте жүзеге асады. Университеттер мынадай факторлардың негізінде, яғни ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзектілігіне, жоғары деңгейдегі дәйеккөздерге айналған мақалалар қатары мен олардың жариялануына байланысты бағаланады» (Harvard Top 2020 Best Global Universities Rankings) [9].

«Times Higher Education рейтингісін құрастырушылар 79 елдің жоғары оқу орындарын зерттеу нәтижесінде білім беру мен зерттеу қызметтерінің сапасына, білім мен инновацияларды тарату деңгейіне байланысты әлемдегі ең үздік университеттерді таңдады. Сонымен қатар THE жоғары оқу орындарының тиімділігі мен материалдық базаларының сапасын қаражат көздерінің көрсеткіштеріне сүйене отырып, бағалаған болатын. Методологиялар мен есепкисаптардың тәуелсіз аудитін PricewaterhouseCoopers консалтингтік компаниясы өткізген» (Шанхайский рейтинг вузов) [8].

«Әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының рейтингісін құрастырушы QS World University Rankings университеттерді алты көрсеткіш бойынша бағалайды: зерттеу қызметіне, білім беруіне, жұмыс берушінің пікірі мен мансап әлеуетіне, шетел студенттері мен оқытушылардың санына байланысты. Рейтингке қатысу үшін университет бакалавриат пен дипломнан кейінгі бағдарламаларды ұсынуы тиіс, яғни кем дегенде екі кең ауқымдағы пәндер саласынан (мысалы, өнер және әлеуметтік пәндер, инженерлік іс және технология, құқық және бизнес). QS рейтингі академиялық ортадағы жоғары оқу орындарының беделіне де назар аударады. Ұзақ жылдар бойы АҚШ және Ұлыбританияның жоғары оқу орындары QS рейтингісінің тұрақты көшбасшылары болып табылады» (Шанхайский рейтинг вузов) [8].

Сондай-ақ, олардың әрбірі эксперттер мен академиялық қауымдастықтардың берген сындарынан өз үлестерін алып жатыр.

Біз университеттердің төрт рейтинг негізінде орын алған көрсеткіштерін салыстыра отырып, ең соңғы, яғни қолжетімді 1-кестедегідей жалпылама бейнесіне куә болдық.

Нәтижесінде, әлемнің 15 университеті төрт рейтингтің ең болмағанда біреуі арқылы 10-топтың қатарына енді. Олардың қатарында АҚШ-тың 10, Ұлыбританияның 4 және Швейцарияның 1 университеті бар.

Бірінші орынды – Сан-Францискодан алыс емес жерде, Кремний алқабында орналасқан,

1891 жылы Леланд Стэнфорд негізін қалаған, жеке зерттеу университеті, Стэнфорд университеті иеленді (Стэнфордский университет) [10]. Әртүрлі жылдарда білімін шыңдап шыққан ол университеттің түлектеріне Герберт Гувер және Кондолиза Райс, Джон Стэйнбек және Ларри Пейдж, сонымен қатар 14 Нобель лауреаты жатады. Стэнфорд түлектері Hewlett-Packard, Electronic Arts, Sun Microsystems, Nvidia, Yahoo!, Cisco Systems, Silicon Graphics, TSMC, Google тәрізді компанияларды да құрды. Университеттің дамуы Кремний алқабымен

тығыз байланыста болды, яғни әлемнің жоғары технологиялық компанияларының айтарлықтай шоғырланған дислокация аймағына айналды.

Таңқаларлық жағдай, Стэнфорд төрт рейтингтің ешбірінде де бірінші орынға ие болған емес, бірақ та (1-кестеде орын алғандай), екі рейтинг бойынша екінші орынды, қалған екі рейтинг бойынша үшінші және төртінші орындарды иеленді. Солай бола тұрса да (орын алған төрт рейтинг бойынша), барлық рейтингтер бұл университетті әлемдегі ең үздіктер қатарында екендігін мойындайды.

1-кесте – Төрт рейтинг бойынша: ARWU, U.S.News, THE және QS

Университет	ARWU	U.S.News	THE	QS	Орын жиынтығы
Стэнфорд	2	3	4	2	11
Гарвард	1	1	7	3	12
Массачусетс	4	2	5	1	12
Оксфорд	7	5	1	5	18
Калифорния технологиялық институты	9	6	2	4	21
Кембридж	3	9	3	7	22
Принстон	6	8	6	12	32
Чикаго	10	13	9	9	41
Йель	11	12	8	17	48
Колумбия	8	7	16	19	50
University of California Berkeley	5	4	13	30	52
Лондон императорлық колледжі	23	20	10	8	61
Лондон университетінің колледжі	15	21	15	10	61
Швейцария Федералды технологиялық университеті	19	25	13	6	63
Вашингтон Университеті	14	10	26	72	122

Екінші орында – атақты Гарвард (Harvard University) [11], екі рейтинг, яғни: Шанхай және Америка бойынша бірінші орынды иеленді. THE еуропа рейтингі университетке 7 орынды тағайындаса, ал QS рейтингі – үшінші орынды берді.

Гарвард Америка истеблишментінің ұстасы болып саналады: оны бітіргендердің қатарына Теодор Рузвельт және Джон Кеннеди, кіші – Джордж Буш және Барак Обама, Билл Гейтс және Марк Цукерберг, сонымен қатар Гарвард түлектері, профессорлары мен зерттеушілері ретінде саналатын 75 Нобель лауреатын иеленушілер жатады. Бүгінгі таңда АҚШ-тағы тарихи тамыры тереңде жатқан университет ретінде әлем бойынша ең ірі эндаумент – 37,1 млрд. долларды иеленіп отыр.

Гарвард тәрізді бір аттас қалада, Кембрижде (Ұлыбританиядағы қала мен университет атауының сәйкес келуі расында таңқалдырады) жалпы рейтинг бойынша үшінші орынды Массачусетс технологиялық университеті (Массачусетский технологический институт) [12] иеленіп, робототехника, компьютерлік технология, жасанды интеллект, ғарышты зерттеу жағынан университеттер арасында көшбасшылардың қатарында. Бұл университеттен – 81-ден астам Нобель лауреаттары шыққандығын көруге болады.

Посткеңестік кеңістіктегі елдердің арасында әлем бойынша біршама беделге ие М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (ММУ). Ол жалғыз университет ретінде екі рейтинг бойынша 100 топтың қатарына кіреді: QS рейтингі бойынша 74-ші орын және ARWU

рейтингі бойынша 87-ші орын. Нобель лауреаты – 14, осы арқылы әлем бойынша 36-шы орынды иеленді (Московский государственный университет) [13].

Осы жылы қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ), QS рейтингі бойынша 200-топта 165-ші орынды иеленді. Л.Н.Гумилев Еуразия ұлттық университеті (ЕҰУ) бұл рейтингте 365 орынды қанағат етті. Бұл жерде мына жағдайды ескерген жөн, яғни 2019 жылы ҚазҰУ іргетасының қаланғанына 85 жыл болса, ал ЕҰУ-ға келесі жылы бар болғаны 25 жыл ғана болады.

Біздің университеттер QS-тен басқа – THE рейтингісі бойынша да көзге түскен болатын, онда 1001+ орынға ие болды.

Айтарлықтай беделді рейтингтердің бірін 1990 жылы Нунцио Куакуарелли (яғни осы күнге дейін сол компанияның бас директоры және университеттердің танымал рейтингісінің бірлескен авторы болып саналады) негізін қалаған британдық Quacquarelli Symonds компаниясы құрайды. Осы рейтингке ерекше назар аударып көрелік.

«Рейтинг университеттерді мына көрсеткіштер бойынша бағалайды: ғылыми-зерттеу жұмыстарының белсенділігі мен сапасына, жұмыс берушінің пікірі мен мансап әлеуетіне, білім беру мен интернационализациялануына байланысты. Бұл көрсеткіштер университеттердің әлемдік деңгейдегі маңызды стратегиялық миссияларын анықтап береді, яғни осы арқылы олар үдеріске атсалысушылар алдында жауап береді: академиялық қоғамдастыққа, жұмыс берушілерге, қатысушылар мен олардың ата-аналарына. Әрбір жыл сайын зерттеу кезінде әлем бойынша 2,5 мыңнан астам жоғары оқу орындары бағаланады. Осының нәтижесінде әлемнің 500 үздік университеттерінің рейтингтері, сонымен қатар жеке пәндер бойынша университеттердің рейтингісі құралады» (Рейтинг лучших университетов мира по версии QS) [14].

Ең жоғары – 40 пайызды «Жоғары оқу орындарының академиялық беделінің индексі» көрсеткіштері ғана иелене алады. Көрсеткіш халықаралық академиялық қоғамдастық өкілдерінің жаһандық эксперттік сауалнамаларының мәліметтері нәтижесінде орын алады, яғни олардың осы саладағы шама-шарқына сай орын алған әлемнің қандай да бір оқу орындарындағы жоғары деңгейде жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер негізінде университет басшыларының,

ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетекшілері профессорлар мен оқытушылардың пікірлерін ескеруден туындайды.

20 пайыздық көрсеткіштер төмендегідей жағдайда орын алады, яғни: «Жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың саны арасындағы арақатынастан», көрсеткіш профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер саны арасындағы мәліметтерді ұсына отырып, сол жоғары оқу орны туралы, сонымен қатар білім беру саласын қамтамасыз етіп отырған мемлекеттік ұйымдар туралы да мәліметтерге ие болады. Сондай-ақ «Жоғары оқу орындарындағы оқытушылар құрамының ғылыми жұмыстарының дәйексөздер индексі оқытушылар құрамының санына тікелей байланысты болып келеді». Көрсеткіш ғылыми жарық көрген мақалалардың жалпылама дәйеккөздері мен сол ЖОО-да кем дегенде бір семестр бойы тынымсыз қызмет атқаратын оқытушылар мен зерттеушілердің жалпылама сандарының арақатынасынан туындайды. Ғылыми жұмыстардың дәйеккөздер индексі Scopus-тың библиометриялық базасының мәліметтеріне сүйеніп бағаланады. Орын алған мәліметтер соңғы бес жылды ғана қамтиды.

Осы жылдың маусым айының басында жарық көрген 2021 рейтингте, 10-топқа АҚШ-тың 5 университеті, Ұлыбританияның 4 университеті және Швейцарияның 1 университеті кірді (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities) [5].

Университет рейтингтерінің динамикасына қызығушылықпен назар аударсақ, соңғы төрт жылда бірінші үш орынды АҚШ-тың үш университеті: Массачусетс, Стэнфорд және Гарвард тұрақты түрде иеленсе, ал төртінші орынды әрдайым Caltech (Калифорния технологиялық институты) алып отырды. Бесінші – алтыншы орындарды британдық Оксфорд пен Кембридж, сонымен қатар Швейцария технологиялық университеттері арасындағы теке-тірес бәсекелестік анықтап отырды. 2018 жылы Кембридж бесінші орыннан 2021 жылы жетінші орынға түссе, Швейцария университетінің оннан бірден алтыншы орынға секіргендігін көруге болады. 2-кестеге назар аударсақ.

Елдер арасындағы жоғары білім беру жүйесін QS рейтингі бойынша бағалау айтарлықтай маңызға ие болды.

50-топтың қатарына 11 елдің университеті кірсе, олардың біршамасын, яғни 17 – АҚШ және 8 – Ұлыбритания құрайды (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities)

[5]. 2018 жылдың рейтингісімен салыстырар болсақ, Қытай мен Канада өкілдерінің артқанын, сондай-ақ АҚШ пен Ұлыбританияның бәсеңсуін

көреміз. Сонымен қатар, 50-топта Францияның орнын Германия ауыстырды. 3-кестеге назар аударсақ:

2-кесте – 2021 жылғы рейтинг

Университет	2021	2020	2019	2018	Орын жиынтығы
Массачусетс	1	1	1	1	4
Стэнфорд	2	2	2	2	8
Гарвард	3	3	3	3	12
Калифорния технологиялық институты	4	5	4	4	17
Оксфорд	5	4	5	6	20
Кембридж	7	7	6	5	25
Швейцария федералды технологиялық университеті	6	6	7	10	29
Лондон императорлық колледжі	8	9	8	8	33
Лондон университетінің колледжі	10	8	10	7	35
Чикаго	9	10	9	9	37

3-кесте – 50-топтың қатарына 11 елдің университеті

Елдер	2021	2018
АҚШ	17	18
Ұлыбритания	8	9
Австралия	5	5
Қытай (материк)	4	3
САР Гонконг	4	4
Канада	3	2
Жапония	2	2
Сингапур	2	2
Швейцария	2	2
Оңтүстік Корей	2	2
Германия	1	-
Франция	-	1

Ал 100-топқа 23 елдің университеті кірді немесе орын алды (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities) [5]. Бірінші орында әдетте АҚШ пен Ұлыбритания. 2021 жылдың рейтингінде 9 – еуропалық, 7 – азиаттық елдер, сонымен қатар АҚШ пен Канада, Австралия мен Жаңа Зеландия, Аргентина мен Мексика орын иеленді. 50-топта Еуропа елдерінен бар болғаны – 3 және Азия елдерінен 5 ғана болатын. 4-кестеге назар аударсақ.

4 кесте – 100-топқа 23 елдің университеті

Елдер	2021	2018
АҚШ	27	31
Ұлыбритания	18	16
Австралия	7	7
Қытай (материк)	6	6
Оңтүстік Корей	6	4
САР Гонконг	5	5
Жапония	5	5
Германия	3	3
Канада	3	4
Франция	3	2
Швейцария	3	4
Нидерланды	2	2
Сингапур	2	2
Швеция	2	2
Аргентина	1	1
Бельгия	1	1
Дания	1	1
Ирландия	-	1
Малайзия	1	-
Мексика	1	-
Жаңа Зеландия	1	1
Ресей	1	1
Тайвань	1	1

100-топтың динамикасына назар аударсақ, АҚШ тарапынан бәсеңсіген шақта Ұлыбритания жағынан өрлеуді көреміз. Азиаттық елдердегі Оңтүстік Кореяның университеттер саны 4-тен 6-ға көтеріліп, ұстанымын нығайта бастаса, сонымен қатар азиаттық елдердің бірі – Малайзия алғаш рет 100-топтың қатарына енді.

Еуропа елдерінде Франция Швейцарияны университеттер саны жағынан 100-топта қуып жетті: енді олардың өкілдерінің саны – 3. Ирландия 100-топтың қатарынан тыс қалса, қалғандары өз ұстанымдарын сақтап қалды.

Сонымен қатар 2021 жылдың 100-тобында Латын Америкасының орын алған жалғыз елі – Аргентинаға Мексика қосылды. 100-топтың қатарынан тек Африка өкілдерін ғана көре алмаймыз.

Африка континентінен 200-топта да олардың ешбір өкілдерін кездестіре алмаймыз: бұл көрсеткіште ЮАР-дың Кейптаун университеті 220 орынды иеленді.

200-топта АҚШ – 45 университетімен басымдыққа ие болды. Кейінгі орындарға Мұхит құшағындағы Австралия – 11 және Америка континентіндегі Канада – 7 орынға ие болды. 5-кестеге назар аударсақ.

5-кесте – Американың университеттері

Елдер	2021
АҚШ	45
Австралия	11
Канада	7
Мексика	2
Жаңа Зеландия	2
Чили	2
Аргентина	1
Бразилия	1

200-топта университеттер санымен Еуропадағы аздаған елдердің қатарын 15-орыннан көруге болады. Бұл элиталық топтың ішінде Ұлыбритания – 26 университетімен басымдыққа ие болып тұр. Екінші орынды Германия – 12 университетімен иеленіп өздеріне деген сенімділікті танытты, яғни Ұлыбритания тәрізді ескі университеттер дәстүріне тән. Күтпеген жерден Голландия – 9 университетімен үшінші орынды иеленді. Білім беруде өздерінің тұңғыш университеттері арқылы Еуропаның ордасы саналған Франция өзінің бұрынғы ұста-

нымынан босаңсып 200-топқа бар болғаны 5 университетімен қатарға ілінді. 6-кестеге назар аударсақ.

6-кесте – Еуропаның университеттері

Елдер	2021
Ұлыбритания	26
Германия	12
Нидерланды	9
Швейцария	7
Франция	5
Швеция	5
Бельгия	4
Италия	3
Австрия	2
Дания	2
Ирландия	2
Испания	2
Норвегия	2
Финляндия	2
Ресей	1

Бізді, әрине, Азияда орын алған жағдайлар ерекше қызықтырады. Бұл жерде Жапония 200-топта 10 университетімен бірінші орынды иеленді, ал жалпы алғанда 80 елдің 1002 жоғары оқу орындарының арасынан бұл ел төмендегідей рейтинг бойынша 41 университетімен бағаланып, өзінің тиесілі орнын иеленді (Қытайдан кейінгі екінші орын) (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities) [5]. 7-кестеге назар аударсақ.

7-кесте – Азияда орын алған университеттер

Елдер	2021
Жапония	10
Қытай (материк)	7
Оңтүстік Корей	7
САР Гонконг	5
Малайзия	5
Үндістан	3
Сауд Арабиясы	2
Сингапур	2
Тайвань	2
Израиль	1
Қазақстан	1

2021 жылғы әлемдік университеттердің 200-топтық рейтингінде толығымен Азия елдерінің 11 өкілі орынға ие болса, олардың арасынан Қазақстанды кездестіруге болады, яғни ол дегеніңіз біздің университет жүйесінің дұрыс бағытта екендігін сипаттайды.

Егер де осыған назар аударып отырып, әлемнің ең үздік университеттерінің шартты 1000-топтағы жалпылама бейнесін сипаттар болсақ (2021 жылы QS рейтингісімен әлем бойынша 1002 университет бағаланған болатын), онда осы орын алған мәліметтер әлемнің әртүрлі елдеріндегі университеттердің білім беруінің даму деңгейін көрсетеді.

Бүгінгі таңда рейтинг бойынша 10 немесе одан да жоғары университеттерге ие болған елдер қатары (барлығы 756 университет) мынадай көрініске ие болды. Оның қатарына 26 – елдер кіріп, мынадай аймақтар бойынша бөлінді: Еуропа – 10, Азия – 8, Латын Америкасы – 5, Солтүстік Америка – 2, Мұхит құшағындағы елдер – 1.

Аймақтар бойынша университеттердің үлес салмағы: Еуропа – 295 (39,02%), Азия – 198 (26,19%), Латын Америка – 50 (6,61%), Солтүстік Америка – 177 (23,41%), Мұхит құшағындағы елдер – 36 (4,76%). Осылайша ең үздік университеттердің басым бөлігі Еуропада (шамамен 40%), одан кейін Азия және Солтүстік Америка (шамамен 25% бойынша тең үлес). 8-кестеге назар аударсақ.

Өте маңызды мынадай сұрақ туындайды, яғни университеттердегі білім беру елдің экономикасына тигізер ықпалын көруге болады. Осыған байланысты біз бірінші ондық елдердің жоғары деңгейдегі ЖІӨ (World Development Indicators) [15] көрсеткіштерін университеттер рейтингілерімен салыстыра отырып,

төмендегідей ақпаратқа ие болдық. Әрине, бұл арада елдердің табиғи ресурстарын да ескеру қажет. 9-кестеге назар аударсақ.

8-кесте – Ең үздік университеттер

Елдер	2021
АҚШ	151
Ұлыбритания	84
Қытай (материк)	51
Германия	45
Жапония	41
Австралия	36
Италия	36
Оңтүстік Корей	29
Франция	28
Ресей	28
Канада	26
Испания	26
Индия	21
Малайзия	20
Тайвань	16
Польша	15
Бразилия	14
Аргентина	13
Нидерланды	13
Мексика	12
Колумбия	11
Чили	10
Чехия	10
Қазақстан	10
Сауд Арабиясы	10
Швейцария	10

9-кесте – ЖІӨ көлемі және пайызы бойынша әлемдік экономикадағы орны

Елдер	2021 QS рейтингісі	ЖІӨ көлемі және пайызы бойынша әлемдік экономикадағы орны
АҚШ	151	2 (15,11%)
Ұлыбритания	84	9 (2,21%)
Қытай (материк)	51	1 (19,25%)
Германия	45	5 (3,13%)
Жапония	41	4 (4,05%)
Франция	28	10 (2,16%)
Ресей	28	6 (3,07%)
Үндістан	21	3 (7,98%)
Бразилия	14	8 (2,44%)

Әрине, тікелей және біржақты тәуелділік жоқ, дегенмен ЖІӨ бойынша бірінші ондыққа кіретін елдер (Индонезиядан басқа) өздерінің университеттері арқылы рейтингте ең жоғары ұстанымға қолжеткізуде. Бүгінде елдің дамуына бар ойларын шоғырландырып, экономиканың ауқымды үлесіне ие жоғары технологиялық өндірістердің ғылыммен байланыста болуы тікелей осы университеттердің қабырғасында жүзеге асатын құбылыс.

Осы тұста біз 1000 – топқа қатысты QS компаниясының версиясы негізінде әлем бойынша Қазақстан университеттері 24 орынға ие болғандығын көреміз (QS World University Rankings 2021: Top Global Universities) [5]. Бізде бұндай университеттер 10 және олар: ҚазҰУ (165 орын),

ЕҰУ (357), Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ОҚМУ (490), Сәтбаев университеті (541-550), Қазақ ұлттық аграрлық университеті ҚазҰАУ (591-600), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (601-650), Қазақ-Британ техникалық университеті (751-800), ҚМЭБИ университеті (751-800), Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (801-1000), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (801-1000).

Біздің алдыңғы қатардағы екі ҚазҰУ және ЕҰУ – университеттеріміздің ұстанымдарын талдай отырып, алты өлшемнің негізінде әлемдік рейтингтегі көшбасшылармен салыстырып көрсек. 10-кестеге назар аударсақ:

10-кесте

Өлшемдер	Массачусетс	Стэнфорд	Гарвард	ММУ	ҚазҰУ	ЕҰУ
Академиялық беделі	100	100	100	77,3	42	17,9
Жұмыс беушілер қатарындағы беделі	100	100	100	82,8	63,1	16,1
ҒОҚ мен студенттердің арақатынасы	100	100	98,6	99,8	98,2	96,9
Шетелдіктердің ҒОҚ қатарындағы үлесі	100	99,7	85,2	20,1	42	25,3
Студенттер қатарындағы шетелдіктер үлесі	91,9	63,6	69,9	76,8	30,7	6,1
Бір қызметкерге тиесілі дәйеккөздер индексі	99,1	98,1	99,1	7,4	1,4	1,5
Жалпы бағасы	100	98,4	97,9	65,9	46,9	30,2

Осыған байланысты бізге бағдар беруші Стенфорд пен Гарвардқа қарағанда ММУ екендігіне көз жеткіземіз.

Оған дәлел ретінде «ғылыми оқытушылар құрамы санына студенттер санының арақатынасы» өлшемін алып қарастырар болсақ, біздің университеттер әлемдік грандтармен бір деңгейде орын алады. Әрине, бұл қолжетімді өлшемдердің қатарына жататындығын және бұндай жоғары деңгейді әрдайым уыстан шығармауға болатындығын атап өткен жөн, егерде студенттер санын өсіру пайда табудың бірден бір көзіне айналып кетпесе.

ҚазҰУ-дың екінші ең жоғары өлшемі – «жұмыс берушілер қатарындағы беделі» – 63,1. Бұл көрсеткіш университеттің жұмыс берушілер арасында қаншалықты беделді екендігін көрсететін өлшем, яғни түлектердің жұмысқа орналасу деңгейіне және олардың дәрежесі танымал компанияларда жұмыс істей алуына тәуелді орын алады. Жұмыс берушілердің пікірі жаһандық сауалнама арқылы анықталатындығы

сөзсіз, дегенмен жергілікті ұсақ компаниялар бұл сауалнамаға толықтай атсалыса алады деп айту да қиынға соғады. Сондықтанда түлектердің сапасы олардың танымал жергілікті, шетелдік немесе халықаралық компанияларға жұмысқа орналасуымен анықталады.

Осы өлшем бойынша ҚазҰУ ММУ-ден кенжелеп қалуда. ЕҰУ-де бұл көрсеткіш бар болғаны 16,1 баллды құрайды және университет алдында ең болмағанда ҚазҰУ-дың 63,1 балл деңгейіне жету мақсаты тұр.

Келесі өлшемде, яғни университеттегі шетелдік оқытушылар үлесінде ҚазҰУ – 42, ал ЕҰУ – 25,3 баллды құраған болатын. Бұл арада ЕҰУ-дың профессорларды шақыруда айтарлықтай мүмкіндіктері бола тұрса да пайдалана алмағандығын көреміз. Соңғы жылдары олардың саны айтарлықтай емес, ал қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, университеттегі 67 кафедраның әрбірі жылына 1-2 шетелдің профессорларын шақырар болса, бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғарылаған болар еді.

Сондай-ақ академиялық беделінің көрсеткіші бойынша ҚазҰУ 42 баллмен ММУ-дің көрсеткішінен екі есеге қалып қойды. Өз кезегінде, ЕҰУ бар болғаны 17,9 баллды құрап, ҚазҰУ көрсеткішінен екі есеге аз жинады. Бұл көрсеткіштерді жоғарылату, әрине, қарапайым және тез арада орын алатын іс емес. Шетел әріптестерінің беделі оларды университеттегі конференцияларға шақырумен және біздің профессорларымыздың халықаралық конференцияларға қатысуымен, бірлескен зерттеулер мен жобаларды өткізуден, бірлескен мақалалар жазумен байланысты. Осылайша, ақырындап, жыл өткен сайын университеттің беделі, нәтижесінде академиялық беделге тәуелді ғылыми-оқытушылар құрамы қалыптасады.

«Шетел студенттерінің үлесін» анықтаушы келесі бір көрсеткіште ММУ – 76,8, ҚазҰУ айтарлықтай – 30,7 баллға ие болса, осы тұста ЕҰУ – 6,1 балл. Әрине, ең үздік еуразиялық университеттердің бірі ретінде өзін ұсынуда бұл жағдай мүлдем сын көтермейді. Шетел студенттерінің университетке келуі үшін ғалымдар мен профессорлардың танымал болуы басты жағдай, сонымен қатар, шет тілдерінде, яғни тек ағылшынша ғана емес, сондай-ақ, мүмкіндігінше француз және неміс, қытай және түрік тілдерінде де дәріс беруге дайын болу. ММУ-дің тәжірибесі көрсеткендей, бүгінгі таңда посткеңестік елдердің азаматтары біз бен олар үшін шетелдіктер болып саналды, сонымен қатар біздер азиаттық елдерде (Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, Үндістан, Пәкістан, Вьетнам) назар аударып, шетел студенттері ретінде оқуға шақыруымыз қажет.

Соңғы көрсеткіште, яғни «оқытушылар құрамының санына ғылыми жұмыстары бойынша дәйеккөз индекстерінің арақатынасында» ҚазҰУ мен ЕҰУ айтарлықтай ең төменгі баллдарға (1,4 және 1,5) ие болды. Ол ММУ-мен салыстырғанда бес есеге, ал Гарвардпен салыстырғанда 66 есеге кем. Бұл өлшемнің ерекшелігі мынада, яғни барлық университет қызметкерлерінен жоғары рейтингті журналдарға мақалалар шығаруды бірдей талап етуінде. Қойылған талапты орындау оңай шаруа емес, бірақ міндетті түрде бүгінгі таңда қолданыста тұрған осы әдісті пайдаланбай-ақ, оны толықтай шешуге болады. Ортадағы делдалдарға қомақты төлем жасамай-ақ, сапалы ғылыми жұмыстармен, сонымен қатар Scopus және Web of Science базаларына кіретін басылымдағы журналдарды өзімізден шығару.

Осылайша, орын алған халықаралық рейтингті, егер белгілі бір деңгейде скептицизмге бой алдыра отырып және рационалды негізде қарастыра болсақ университеттердің әлемдік «дәрежелері туралы табелдерінің» шынайы деңгейін көруге болады. Одан басқа, бұл рейтингтер әртүрлі елдердегі университеттердің білім берудегі даму деңгейін көрсетеді. Бұл мәліметтер айтарлықтай пайдалы және сол арқылы әртүрлі елдердегі экономикаға ғылымның ықпал етуін байқаймыз.

Қазақстан бүгінгі таңда университеттердің білім берудегі даму дәрежесі және оның әлемдік білім беру кеңістігінде интеграциялануы бойынша Ресейден кейінгі екінші орынға ие. Еліміздің ең үздік университеті әлем университеттерінің 200-тобына енді. Әрдайым алға жылжып, жоғарыдан көріну үшін университеттердің ғылыми-оқытушылар құрамының сапасы жоғары болу, ол – маңызды мәселе болмақ. Нәтижесінде, жоғарыда орын алған барлық көрсеткіштер тікелей осыған тәуелді, яғни рейтингте университеттердің үздік орындарды иеленуіне кепілдік береді. Сондықтанда ҒОҚ-тың еңбек жалақыларының деңгейін, олардың қызмет бабында жағдайларының болуын қадағалау Қазақстан университеттері басшыларының басты міндеті болуы тиіс.

Қорытынды

Қазіргі ғылымның көшінен кенжелеп қалмауға және әлемдік жаһандану үдерісіндегі экономикалық бәсекелестікке төтеп беруге еліміздегі университеттердің алар орны өте маңызды екендігін жоғарыда мақаладағы көрсеткіштермен дәлелдеуге болады. Себебі жоғары оқу орындары тек түлектерге білім беріп қана қоймай, сонымен қатар жаңа идеялардың тууына және ол идеялардың сапалы өнім ретінде әлемдік нарыққа шығуына мұрындық болады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру деңгейін көтеріп, әлемнің танымал, беделді университеттерінің біріне айналдыру үшін мемлекет тарапынан әрдайым сапалы шешімдер орын алуы тиіс. Жоғары оқу орындары еліміздің экономикасына өз үлесін қосу үшін ғылым әрдайым саясаттан жоғары тұрып, ғалымдардың пайдалы идеялары кезек күттірмей жүзеге асатын жүйе қалыптасуы керек.

Болашақтың батырлары – ғалымдар. Ал ғалымдардың сынға түсер алаңы ол – универси-

теттер, яғни жоғары оқу орындары. Адами ресурсты дамытып, реттеп, әрбір салаға бағыттап отыру осы жоғары оқу орындарының сапасына тікелей байланысты. Табиғи ресурстарға тапшы, бірақ адами ресурстарды өте ұтымды пайдаланып отырған мемлекеттер экономикасы

жоғары алпауыттардың қатарына кіруі де осыдан. Сондықтан да бұндай зерттеулер жоғары оқу орындарының деңгейін анықтап, орын алған қателіктерді болашақта болдырмау үшін білім беру жүйесіне жауапты органдардың ұйымдастыру қабілетін арттыра түседі деп сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Интымаков Т.Ж., Алтыбаева Ш.Б., Скабаева Т.Н., Баймбетова К.Э. Жоғары білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау // ҚазҰУ «Хабаршы» журналы (Педагогикалық ғылымдар сериясы). – №1 (41). – 2014. – 11-12 б.
- 2 Национальная система оценки качества образования: принципы и перспективы развития: науч. практич. изд. / Ж.К. Туймебаев, Т.О. Балыкбаев, С.М. Омирбаев, И.У. Сагиндиков, Л.В. Нefeldова. – Астана: Сарыарка, 2007. – 272 с.
- 3 Серіков Р.С., Хамзина А.А., Жабаева Г.К. 2019 жылы Қазақстандағы оқу жетістіктерін сыртқы бағалауды талдау // ҚазҰУ «Хабаршы» журналы (Педагогикалық ғылымдар сериясы). – №2 (63). – 2020. – 64-71 б.
- 4 World University Rankings | Times Higher Education (THE). URL:<https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 5 QS World University Rankings 2021: Top Global Universities. URL:<https://www.topuniversities.com/university-rankings/world-university-rankings/2021> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 6 Best Universities in the World – US News. URL:<https://www.usnews.com/education/best-global-universities/rankings> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 7 ARWU World University Rankings 2020. URL:<http://www.shanghairanking.com/arwu2020.html> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 8 Шанхайский рейтинг вузов. URL:<https://www.educationindex.ru/articles/university-rankings/arwu/> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 9 Harvard Tops 2020 Best Global Universities Rankings. URL:<https://www.usnews.com/education/best-global-universities/articles/us-news-ranks-best-global-universities> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 10 Стэнфордский университет. URL:<https://www.stanford.edu/> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 11 Harvard University. URL:<https://www.harvard.edu/> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 12 Массачусетский технологический институт. URL:<https://www.mit.edu/> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 13 Московский государственный университет. URL:<https://ru.wikipedia.org/wiki/> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 14 Рейтинг лучших университетов мира по версии QS. URL:<https://gtmarket.ru/ratings/qs-world-university-rankings/info> (қаралған күні: 01.10.2020)
- 15 World Development Indicators. URL:<https://www.worldbank.org/> (қаралған күні: 01.10.2020)

References

- ARWU World University Rankings 2020. URL:<http://www.shanghairanking.com/arwu2020.html> (date of request: 01.10.2020)
- Best Universities in the World – US News. URL:<https://www.usnews.com/education/best-global-universities/rankings> (date of request: 01.10.2020)
- Harvard Tops 2020 Best Global Universities Rankings. URL:<https://www.usnews.com/education/best-global-universities/articles/us-news-ranks-best-global-universities> (date of request: 01.10.2020)
- Harvard University. URL:<https://www.harvard.edu/> (date of request: 01.10.2020)
- Intumakov T.J., Altibaeva S.B., Skabaeva T.N., Baimbetova K.É. (2014) Jogarı bilim berudegi oqu jetistikterin sırttay bagalau. QazUU «XabarSı» jurnalı (Pedagogikalıq ǵılımdar seriyası) [External assessment of academic achievements in higher education] Bulletin KaZNU Journal of Educational Sciences.№1 (41), pp. 11-12 (In Kazakh)
- Massachusettskij texnologicheskij institute [Massachusetts Institute of technology]. URL:<https://www.mit.edu/> (date of request: 01.10.2020)
- Moskovskij gosudarstvennyj universitet [Moscow state University]. URL:<https://ru.wikipedia.org/wiki/> (date of request: 01.10.2020)
- Nacional`naya sistema ocenki kachestva obrazovaniya: principy` i perspektivy` razvitiya : nauch. praktich. izd. (2007) [National system for assessing the quality of education: principles and prospects for development: scientific and practical ed.] Zh. K. Tujmebaev, T. O. Baly`kbaev, S. M. Omirbaev, I. U. Sagindikov, L. V. Nefeldova. Astana : Sary`arka, 272 p. (In Russian)

QS World University Rankings 2021: Top Global Universities. URL:<https://www.topuniversities.com/university-rankings/world-university-rankings/2021> (date of request: 01.10.2020)

Rejting luchshix universitetov mira po versii QS [QS Ranking of the best universities in the world]. URL:<https://gtmarket.ru/ratings/qs-world-university-rankings/info> (date of request: 01.10.2020)

Serikov R.S., Xamzina A.A., Zhabaeva G.K. 2019 zhy'ly' Kazakstandagy' oku zhetistikterin sy'rtky' bagalaudy' taldau QazUU «XabarSı» jurnalı (Pedagogikalıq ǵılımdar seriyası) [Analysis of the External Assessment of Educational Achievements in Kazakhstan in 2019] Bulletin KaZNU Journal of Educational Sciences №2 (63) 2020, 64-71 pp. (In Kazakh)

Shanxajskij rejting vuzov [Shanghai University ranking]. URL:<https://www.educationindex.ru/articles/university-rankings/arwu/> (date of request: 01.10.2020)

Ste`nfordskij universitet [Stanford University]. URL:<https://www.stanford.edu/> (date of request: 01.10.2020) (In Russian)

World Development Indicators. URL:<https://www.worldbank.org/> (date of request: 01.10.2020)

World University Rankings Times Higher Education (THE). URL:<https://www.timeshighereducation.com/world-university-rankings> (date of request: 01.10.2020)

Л.Х. Мажитова¹, Г.Қ. Наурызбаева^{2*} 

¹Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: N_G.K@mail.ru

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

